*«Қосарланған жоспар».* Көптеген сабақтардың жоспарлары мұғалім не істейді, яғни не туралы айтады, тақырыпты қалай түсіндіреді, қандай материалдар қолданады, қашан таратады, қашан жинап алады, қандай тапсырмалар ұсынады деу арқылы құрылады. Аталған жағдайларды жоспарлай отырып, мұғалім оқушылардың әрбір кезеңде немен шұғылданатындарын ұмытып кетіп жатады. Сабақтың әрбір кезеңінде оқушылардың немен шұғылданатындарын жоспарлау, сіздің не істейтініңізден және не айтатыныңыздан да маңызды. Өз сабағыңызды «Мен» және «Олар» деген екі бағаннан тұратын кесте арқылы жоспарлаңыз.

Рефлексия – бұл өздік талдау, өздік баға. Сабаққа қатысты рефлексия туралы айтатын болсақ – бұл оқушылардың өзінің көңіл-күйін, эмоциялық жағдайын, іс-әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға арналған сабақ кезеңі. Сонымен қатар, рефлексия – бұл ғылымға емес, оқуға үйретуге ұмтылатын қазіргі заманғы педагогиканың жаңа бағыты. Сабақтың басталуына, күтілетін нәтижелерге қайта оралу, қорытынды шығаруы логикалық жағынан алғанда дұрыс.

Сабақтың бір кезеңі болып табылатын рефлексия бірнеше түрге жіктеледі. Мұғалімге жіктелу түрлерін біле және оны сабақ жоспарына енгізе отырып, әдіс-тәсілдерді түрлендіруге және құрастыруға ыңғайлы.

*1. Мазмұны бойынша: символикалық, ауызша және жазбаша.*

- символикалық: білім алушылар бағаны символдар көмегімен қояды (карточка, жетон, ишара және т.с.с.);

- ауызша: білім алушылардың өз ойын айту және өз эмоциясын сипаттау біліктілігі;

- жазбаша: ең қиыны және көп уақытты қажет етеді. Тұтас оқу бөлімі немесе үлкен тақырыпты игерген соң өткізген дұрыс.

*2. Іс-әрекет түрі бойынша: ұжымдық, топтық, фронталды, дербес.*

Білім алушыларды осы тәртіп бойынша жұмыс істеуге үйрету қолайлы болып саналады. Алдымен тұтас сынып, содан соң жекелеген топтарда және

оқушылардың ішінен таңдап сұрақтар қою тәртібі. Ол оқушылардың өздік жұмыстарын белсендендіреді.

### *3. Мақсаты бойынша: эмоциялық.*

Ол оқу материалын эмоциялық тұрғыдан қабылдау, көңіл күйді бағалайды. Бұл «ұнады/ұнаған жоқ, қызықты/қызық емес, көңілді болды/көңілсіз» санатына жататын рефлексия. Рефлексияның мұндай түрі мұғалімге сыныптың жалпы көңіл-жайын бағалауға мүмкіндік береді. Сабақтан соң оң позитивтің көп болуы, сабақ тақырыбының түсінікті болғанын дәлелдейді [18].

#### *Рефлексияның бірқатар тәсілдерін ұсынамыз:*

*«Армандар ағашы».* Білім алшыларға өздері үміттенген және күмәнданған ой-пікірлерін жазған «алмаларына» қайтадан назар салу ұсынылады. Олар орындалмаған үміттері мен күмәнді ойларын жазған «алмаларды» шешіп алады. Егер «денсаулық» ағашы жасыл алмамен көмкерілген болса, онда сабақтың алға қойған мақсат-міндеттеріне қол жеткізілді деген сөз. Ал сары алмалар болса, онда сабақ ойдағыдай өткізілмеген деуге болады.

*«Қанаттар мен тістер».* Мұғалім сабақ басында неден үміттенетіні және неден қауіптенетінін жазған өз «құстары» мен «қолтырауындарына» қайта назар салуды ұсынады. Олар қабырға қағаздан (ватманнан) орындалмаған үрейлері мен орындалмаған армандарын «шешіп» алады. Құстар қалған болса – сабақ жақсы деңгейде өткен және оқушылардың үміттері орындалған. Қолтырауындар қалған болса, келесі жолы сабақ жақсы деңгейде өту үшін не істеу керек екендігін талқылау қажет. Мұғалім қалыптасқан жағдайды ой елегінен өткізіп, сыныптың психологиялық келбетін анықтайды және басқа оқушылармен жүргізілетін жұмыстарға түзетулер енгізеді.

*«Табыс баспалдағы».* Сабақтың соңғы бөлігінде мұғалім оқушыларға өзінің сабаққа қатысу және қарым-қатынас орнатуға қанағаттану деңгейін, өзінің топшілік жұмысқа қосқан үлесін бағалауды және «Табыс баспалдағы» қағазына жазуды ұсынады. Оқушылар «Табыс баспалдағы» атты қабырға газетіне келіп, қажет деген жерге карточкаларды жапсырады. Содан соң, алған нәтижелерді оқушылармен талқылап, олардың өздерін жоғары, ортаңғы және төменгі баспалдақтарға қою себептерін талдайды.

*«Көп қабатты тоқаш».* Мұғалім мен білі алушылардың оқу іс-әрекеттерін өздік бағалаулары мен талдаулар. Тоқаш «қабаттары» рефлексия түріне байланысты әртүрлі болуы мүмкін: көңіл-күй және эмоциялық жағдай рефлексиясы, іс-әрекеттер рефлексиясы, оқу материалы мазмұнының рефлексиясы.

*«Бағдаршам».* Білім алушылардың көзқарастары бойынша сабақты бағалау көзқарастарын айқындайтын карточканы таңдайды: жасыл – жақсы, сары – орташа, қызыл – теріс. Содан соң оны қабырға қағазға (ватманға) жапсырып, түстері бойынша топтастырады. Нәтижесінде сабақтың өту барысын сипаттайтын сурет пайда болады.

*«Смайликтер».* Сабақтағы дербес жұмысты, сабақтың басында жүктелген міндеттерді шешуге қосқан жеке үлесін, өзі күткен нәтижелер орындалды ма, жоқ па, жалпы сабақ ұнады ма, соны бағалауға мүмкіндік береді.

*«Мадақтау, қолдау көрсету»* – бұл оқушылардың бір-бірін бағалауда және рахмет айту кезіндегі сезімдері, мақтаулары, мұғалімге айтқан рахметтері. Сабақты бұл нұсқамен аяқтау, әрбір тұлғаның сабақтағы қажеттілігін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

*«Үш тұлға»*. Мұғалім білім алушыларға үш адам бейнеленген (көңілді, бейтарап, көңілсіз) карточкаларды көрсетеді. Оқушылар өз көңіл-күйіне сәйкес келетін суретті таңдауы керек.

*«Ал егер...?» тәсілі*. Бұл тәсіл рефлексия кезеңіне «Ал егер ...» деп басталатын сұрақтарды енгізуді ұсынады. Ондай сұрақтар білім алушыларға оқыту процесіне басқа көзқараспен қарауға, өз ұсыныстарын айтуға, сол арқылы ойлану жүйесін дамытуға мүмкіндік береді.

*Сұрақтардың біріне берілетін дәйекті жауаптар:*

1. Сіз сабақтан не күттіңіз және соңында не болды?
2. Сабақтың қай кезеңдері сәтті болды және неге?
3. Осындай жұмыс түрінен пайда болды ма?
4. Сабақ кезінде нені жақсы орындадыңыз және іс-әрекеттердің қайсысы сәтті орындалды?
5. Сабақ кезінде туындаған басты мәселелер мен қиындықтарды атап шығыңыз. Оларды қалай шешуге болады?
6. Сіздің атқарған іс-әрекеттеріңізді қандай критерийлер негізінде бағалауға болады?

*Жауаптың түрлі нұсқасын талап ететін сұрақтар:*

1. Неге қиын болды?
2. Сабақтан не алдыңыз, қандай жаңалық аштыңыз?
3. Сабақтан күткен үміттеріңіз орындалды ма?
4. Сабақ қандай мәселе төңірегінде ойлануға мәжбүрледі?
5. Бүгінгі сабақтан не алдыңыз?

Рефлексия білім алушыға өзі жүріп өткен жолды ғана емес, алған тәжірибесін жүйелеуге, өзі қол жеткізген жетістіктерді өзге білім алушылармен салыстыруға, олардың құрылу логикасын пайымдауға көмектеседі. Әсіресе іс-әрекет рефлексиясына баса назар аударып, оны сабақтың соңында жүргізу керек. Мұғалім бұл жерде ұйымдастырушы қызметін атқарып, білім алушылар басты рөлде болады.

*Егер білім алушы келесі жағдайларды түсінетін болса:*

- ол белгілі бір тақырыпты не үшін игеретінін, оның болашақта қаншалықты қажет екендігін;
- нақты бір сабақта қандай мақсаттарға қол жеткізу керек екендігін;
- ортақ іске өзі қаншалықты үлес қоса алатындығын;
- өзінің және өз құрбыларының қосқан үлесін дұрыс бағалай алатын болса, онда оқыту процесі әлдеқайда қызықты болып, білім алушыға да, мұғалімге де жеңіл болар еді.

*Мектептегі дене шынықтыру сабақтарындағы тиімді қимыл-қозғалыс белсенділігін қалыптастыру.* «Дене шынықтыру» пәнін оқыту мақсаттарына қол жеткізудің басты құралы болып табылмақ. Ойын әдісі білім алушының жасына, жынысына, денелік дамулары мен денсаулық жағдайларына сәйкес келетін білім

жүйелерін қалыптастыруға, адам ағзасының қызмет ету мүмкіндіктерін жетілдіруге, туа біткен және жаңадан қалыптасқан қимыл-қозғалыс дағдыларын дамытуға арналған тиімді де, қолжетімді әдіс болып табылады.

Аталған жағдай білім берудің жаңарған жүйесінде өзекті болып саналады. Себебі ойын әдісі дегеніміз, білім алушының белсенділік деңгейіне әсер ету әдісі. Негізгі дене сапаларын дамытуға арналған түрлі қимыл-қозғалыс әрекеттері мен тапсырмаларды орындау процесі білім алушылардың құлшыныстары, эмоциялық көңіл-күйлері, қимыл-қозғалыс және шығармашылық белсенділігімен тығыз байланысты, сондай-ақ, аталған процесс білім алушылардың өз әрекеттерін дербес ұйымдастыруларына ықпал етеді.

Дене тәрбиесінің басқа түрлерімен салыстырғанда, *қозғалмалы ойындар, жарыс элементтерінен құралған ойын түріндегі тапсырмалар* өсуші ағзаның қажеттілігіне сәйкес келеді және білім алушының денелік, ақыл-ой тұрғысынан үйлесімді дамуына жан-жақты әсер етеді. Білім алушылардың ойын кезіндегі белсенділігі, құлшынысы мен шығармашылық іздемпаздығы осыған дәлел. Ойын түріндегі тапсырмаларды таңдаған кезде, төмен жастағы білім алушының «ойнау» және «үйрену» түсініктеріне басқаша қарайтындығын ескерген дұрыс. Ал оқушылардың жастары ұлғайған сайын, ойын түріндегі тапсырмалар мен ойындар біртіндеп спорттық іс-шараларға ұқсай бастайды.

Тапсырмалар мен ойын түрлерін таңдау бірінші кезекте сабақтың алдына қойылған міндеттерге байланысты. Сондай-ақ, білім алушыларға берілетін қимыл-қозғалыс әрекеттерінің күрделілік деңгейі де маңызды. Күш салуды, ойлануды қажет етпейтін және өте қиын тапсырмалар білім алушылардың қызығушылықтарын төмендетеді. Тапсырманың күрделілік деңгейі оқушылардың дайындық деңгейлеріне байланысты болуы керек. Мұғалім білім алушылардың қандай әрекеттерді орындай алатындарын және нені орындай алмайтындарын анық білуі керек. Мәселен, егер оқушыларға эстафетаны беру әдістері үйретілмеген болса, оларға эстафеталық таяқшаны «дәлізде» беру секілді тапсырмаларды берудің қажеті жоқ. Сонымен қатар, егер оқушылар акробатика элементтерін әлі үйренбеген болса, оларға эстафетаны аунау және домалау арқылы беру түріндегі тапсырмаларды беруге болмайды. Сабақ кезінде өткізілетін ойынды таңдау оқушылар саны, сабақ өткізілетін орын (спорт залы, спорт алаңқайы) және мұғалімнің қандай құрал-жабдықтар қолданатынына байланысты.

Дене шынықтыру сабақтарында шешілетін міндеттердің әртүрлі болуы да қолданылатын оқу материалының сипатына әсер етеді. Қозғалмалы ойын кезінде бойға сіңірілген дағдылар мен біліктіліктер жақсы болу үшін, сол ойындар мен ойын түріндегі тапсырмаларды жүйелі түрде қайталап отыру маңызды. Себебі, әр ойнаған сайын белгілі бір қимылдарды орындау арқылы, оның тиімді жолдары табылады. Қуып жете алмаған, тартып ала алмаған, тұтқын немесе жетекші рөлінде болып көрмеген оқушының келесі сабақта сол іс-қимылдарды орындауына мүмкіндігі болады.

Қозғалмалы ойындар және сынып жоғарылаған сайын өткізілетін командалық спорт ойындары – дағдыларды, адамгершілік-жігер қасиеттерін, ойын кезіндегі әділ бәсекелестікті шыңдайтын ең тиімді құрал. Ойын түріндегі тапсырмаларды, қозғалмалы немесе спорт ойындарының түрлерін таңдаған кезде,

оқушылардың әлеуеттерінің тең болу керек екендігі ескерген дұрыс, сонда ойын қызықты өтеді.

Ойын ережесін түсіндіруді білім алушылар сапта тұрғанда және командаларға бөлінгенде өткізген дұрыс. Белгілі бір тапсырманы орындау ережесін түсіндіруді әртүрлі әдіспен өткізуге болады: мұғалімнің көрсетуі, сызба-үлгілерді немесе карточкаларды көрсету, мүмкіндік болса интерактивті нұсқамен көрсету. Ұсынылған қимыл-қозғалыс әрекетін орындаудың мақсаты не екендігін, өткізілейін деп жатқан қозғалмалы ойынның қандай пайдасы бар екендігін білім алушылар білулері керек. Білім алушыларды ойын мәнін сыни тұрғыдан талдап, өзінің ойын кезіндегі әрекеттерін ой елегінен өткізуге тәрбиелеу керек. Сұрақтарға жауап берген соң, ойын ережесін түсіндіру процесі аяқталады.

Ойынның кез келген түрін өткізген кезде алға жүктелген білім беру және тәрбиелеу міндеттерін шешу үшін ойын процесін басқара білу маңызы. Төрешімен салыстырғанда, ойын жүргізушісінің құқығы басымдау. Ол ойынды тоқтатып, білім алушылардың әрекеттерін дұрыс орындаулары бойынша нұсқаулар бере алады. Сонымен қатар, ол білім алушылардың құлшыныстарына шектеу қоймайды және әділ төреші қызметін атқарады. Жүргізушінің атқаратын қызметі ойынды бастап беру ғана емес, ол сонымен қатар ойынды дұрыс мөлшерлеп, уақытында аяқтаушы болып табылады. Жүргізуші қызметін мұғалімнің өзі (таныстыру процесі жүріп жатқан кезде), жасы үлкен білім алушы (жарыс өткізген кезде), өзін жақсы ұйымдастырушы ретінде көрсете алған білім алушы (топтық немесе командалық әрекеттерді ұйымдастырған кезде) атқара алады. Сабақ кезіндегі денелік және эмоциялық жүктемені реттеу үшін келесі тәсілдерді: ойынның ұзақтығы мен қайталану мөлшерін өзгертуді; алаңның көлемін ұлғайту немесе кішірейтуді; ойын ережесін күрделендіру немесе жеңілдетуді; салмағы және көлемі үлкен немесе шағын құралды пайдалануды; қысқа мерзімді үзілістер жариялауды қолдануға болады.

Мұғалімнің басты міндеттерінің бірі – ойын әрекеттері орындалып жатқан кезде, оған қосыла білу. Ол ойынның озық үлгісін көрсету керек болған кезде ойынға араласуына болады. Ойын кезінде білім алушыларды, яғни ойыншыларды тежеп отыру қажет. Себебі ойын кезінде ойыншыларда ойыннан ләззат алумен негізделетін, өздігінен «от алатын» механизм іске қосылады. Өткізіліп жатқан қозғалмалы ойындардың психологиялық райын қадағалап отыру маңызды. Білім алушылардың бір-біріне сөз қайтаруларына, өрескел қимылдар жасауларына жол бермеу керек. Білім алушылар ойыннан қажыған кезде емес, ойын әрекеттеріне қанағаттанған кезде аяқтауға белгі беру керек. Ойынды «Ойынның аяқталуына бір минут қалды», «Бір ұпай алғанға дейін ойнаймыз», «Соңғы әрекет!»,-деген ескертпе сөздермен тоқтатуға болады. Сонымен қатар, білім алушылар күтпеген кезде ойынды аяқтау да теріс реакцияны, ойын барысына қанағаттанбауға әкеліп соғатындығын айтып кеткен дұрыс.

*Ойын жаттығуларын орындау, қозғалмалы немесе жеңілдетілген ойындарды* талдау, нәтижелерді және жіберілген қателерді анықтаудың да маңызы жоғары. Қорытындылығын кезде және рефлексия кезінде ойын әрекеттердің жылдамдығын ғана емес, орындалу сапасын да ескеру қажет. Білім

алушылардың өз әрекеттерін, командаластары мен қарсыластарының әрекеттерін бағалау, алаңда үздік өнер көрсеткендерді атап өту де маңызды.

Оқу процесінде қолданылатын қозғалмалы ойындар сан-алуан және олардың ішіндегі бірнешеуін атап өтуге болады:

- өзара бірігіп әрекет өтуге арналған *тартымды ойындар* (логикалық ойлануға арналған және т.б.);

- *түрлі оқигаларға толы және команда құруды қажет ететін ойындар* (оқушылардың өздері ұйымдастыратын, яғни «көше» ойындары, жарыс сипатында өткізілетін ойындар);

- *басып кіру сипатындағы ойындар* (спорт ойындарындағы тактикалық әрекеттерге үйрету);

- *жаңартылған командалық ойындар* (спорт ойындарындағы әрекеттерді үйретуге арналған жеңілдетілген ойындар).

Ойын түріндегі тапсырмалар, қозғалмалы ойындар және жеңілдетілген ойындарды таңдауға келесі талаптар қойылады:

- ұсынылып отырған іс-әрекеттер оқушының бойында жаңа түсінік қалыптастыруы керек;

- білім алушының бойында кеңістікті сезіну және уақытты дұрыс өлшей білу, жиі өзгертін жағдайға жылдам бейімделу қабілеттерін дамытуы керек;

- ойын мазмұны бағдарлама материалдарының ерекшеліктеріне сәйкес келуі керек;

- тапсырманың қиындық дәрежесі игерілген біліктілік пен дағды деңгейлеріне сәйкес келуі керек.

Ойындарды ұйымдастырған және өткізген кезде келесі ережелерді сақтау керек:

- ереженің қарапайымдылығы және қолжетімдігі;

- білім алушылар ойынның белсенді қатысушысы болуы керек;

- білім алушылардың өміріне ешқандай да қауіп төнбеуі тиіс;

- қолтанылатын спорттық құралдардың қауіпсіздігі;

- ойын ережесі білім алушылардың ар-ождандарына нұсқан келтірмеуі керек.

*Қозғалмалы ойындар, ойын түріндегі жаттығулар және жеңілдетілген ойындар [19].*

*ЖДЖ және жеңіл атлетика элементтерінен тұратын ойындар*

*(2-сур. (4 жаттығулар)*

*«Сынып, тік тұр!»*. Білім алушылар бір қатарда тұрып мұғалімнің «сынып» деп бастап беретін пәрмендерін орындаулары керек. Мысалы, «Сынып, қол алға!», «Сынып, отыр!». Егер мұғалім «Қол алға!», «Отыр!» деген пәрмен берсе, оқушылар оларды орындамаулары керек. Қателік жіберген білім алушы бір адым алға жасайды да, ойынды жалғастыра береді. Саптан көп алға шығып кеткен білім алушы жеңілген боп саналады.

*«Бос орын»*. Ойыншылар шеңбер құрып орналасады. Ойынды бастаушы шеңбер бойымен қозғала отырып, оқушылардың бірінің иығына қолын тигізеді де, шеңбер айналып қашады. Иығына бастаушының қолы тиген ойыншы

шеңберді кері бағытта айнала жүгіріп, бастаушыдан бұрын өз орнына тұруы керек. Орынсыз қалған ойыншы бастаушы болып тағайындалады.

«*Аяғын жерге тигізбей қуыспақ «аяқсыз қашпақ»*». Кәдімгі қуыспақ (қашпақ) тәрізді ойнайды, тек аяғы жерге тимей тұрған адамды (орындықта тұрған, гимнастикалық қабырғаға шығып кеткен және т.с.с). ұстауға болмайды.

«*Допқа тигіз*». Алаңда доп лақтыратын сызық сызылады. Сызықтан 4-5 метр жерге, гимнастикалық орындықтың үстіне үлкен доп қойылады. Ойыншылар екі командаға бөлінеді. Ойыншылар кезектесе отырып (алдымен бір команданың ойыншысы, содан соң екінші команданың ойыншысы) шағын допты үлкен топқа лақтырып, оны құлатуға тырысады. Әрбір тигізгені үшін командаға ұпай беріледі және көп ұпай жинаған команда жеңіске жетеді.

«*Кім озады?*». Ойыншылар 4-5 командаға бөлініп, сызық бойына өз команда ойыншыларымен қол ұстасып бір қатарға тұрады. Мұғалімнің бұйрығы бойынша барлық команда ойыншылары белгіленген сызыққа дейін бір аяқпен секіреді. Сызыққа бірінші боп жеткен команда жеңіске жетеді.

«*Алдыңғыны қуып жет*». Сынып 2 командаға бөлінеді және бір-бірінің артынан екі қатарға орналасады. Қатар аралығы 2-3 метр. Бірінші қатардың алдынан 30-40 метр жерге сызық сызылады. Мұғалімнің белгісі бойынша екі команда да сызыққа қарай жүгіреді. Артқы шептегі ойыншылар алдындағыларды қуып жетіп ұстауға тырысады. Сызыққа дейін ұсталған ойыншылар сол жерде тоқтап, қолдарын көтерулері тиіс және олардың саны есептеледі. Содан соң, командалар орындарымен алмасады. Жүгіру қалпын түрлендіруге болады: биік және төмен мәрелік қалып, отырған қалыптан жүгіруді бастау, жүрелеп отырып бастау, етпеттен жатқан қалыптан бастау және т.с.с.

«*Үшінші артық*». Барлық ойыншылар шеңбер бойымен жұпастып, бір-бірінің арттарынан тұрады. Шеңбердің сыртында екі ойын бастаушысы: біреуі қашады, екіншісі қуады. Қашып жүрген ойыншы құтылып кету үшін кез келген жұптың алдына келіп тұра қалуы тиіс. Жұп құрап тұрған ойыншылардың артқысы қашады да, қуушы оны қуа жөнеледі. Қуушы ойыншы қашып жүрген ойыншыны ұстап алса, олар рөлдерімен ауысады.

«*Ақ аюлар*». Ойынға 15-тен астам ойыншы қатысуға болады. 2-3 ойыншы қол ұстасып, тізбек құрады: олар «ақ аюлар». Олардың міндеттері – қалған «пингвиндерді» шеңбермен қоршап алу. Ұсталған «пингвин» «ақ аюға» айналады. Ойын ең соңғы пингвин ұсталғанға дейін жалғасады.

«*Допты жіберіп алма*». Ойынға қатысушылар шеңберге тұрып, қолдарын бір-бірінің иықтарына қояды. Ойынды бастаушы шеңбердің ортасында тұрады, аяғының астында доп. Бастаушының міндеті – допты теуіп, шеңберден шығарып жіберу. Ойыншылардың міндеттері – допты шеңберден шығармай, бастаушыға қайтару. Қолды босатуға болмайды. Ойынды бастаушыға да, шеңберден тұрған ойыншыларға да сызықтан асуға болмайды. Егер доп қолдан немесе бастан асып кетсе соққы саналмайды. Ал доп аяқ аралығынан өтіп кететін болса, бастаушы ұтқан болып саналады. Ол шеңбердегі ойыншыларға қосылып, оның орнына допты жіберіп қойған ойыншы тұрады.

«*Алысқа лақтыр, жылдамырақ жина*». «Лақтырушылар» мен «жинаушылар» командасы сайысқа түседі. Екі команда да бір сызық бойына

орналасады. Олардың алдыларына лақтырушылар жүгіріп бара алатындай екінші сызық сызылады. «Лақтырушылардың» қолдарында салмағы 150 гр доп. Бірінші белгі бойынша «лақтырушылар» жүгіріп келіп, доптарын лақтырады. Екінші белгі бойынша «жинаушылар» жылдам жинау үшін жан-жаққа жүгіріп, доптарды жинауға кіріседі. Жүгіруді бастағаннан бастап, соңғы «жинаушы» мәре сызығынан өткенге дейінгі уақыт есепке алынады. Жүгіруді ерте бастап қойғандарға 5 секундтық айып уақыты қосылады. Содан соң, ойыншылар орындарымен ауысады. Доп жинауға аз уақыт жұмсаған команда жеңімпаз атанады.

*«Атыспақ».* Ойын волейбол алаңында немесе көлемі жағынан соған ұқсас алаңда өткізіледі. Екі беткі сызықтан 1 метр жерге «тұтқындарға» арналған сызық сызылады. Ойыншылар екі командаға бөлініп, әрқайсысы өз алаң бөлігіне еркін орналасады. Әр командадан бір капитаннан тағайындалады және олар қарсылас команданың тұтқындарға арналған сызығына аса орналасады. Капитандардың бірі допты лақтырады (кімнің лақтыратыны жеребе бойынша анықталады). Ойыншылардың бірі допты қағып алған жағдайда, допты тигізу үшін қарсылас команданың ойыншыларына лақтырады. Өзіне доп тиген ойыншы қарсы алаң бөлігіндегі тұтқындарға арналған сызыққа, өз капитанының жанына орналасады және сол жерден қарсыластың ойыншыларына қарсы ойынды жалғастырады. Егер ол ұшып келе жатқан допты секіріп қағып алса, онда қарсыласқа тигізуге тырысады. Осылайша допты лақтыру тәртібі өзгеріп отырады және алаңдағы ойыншылар саны азая береді. Ойыншылардың барлығына доп тиген кезде ойынға капитандар кіріседі және ойын олардың біріне доп тигенге дейін жалғасады. Ойынды аяқтаудың басқа нұсқасын ойлап табуға болады:

- 10-15 минут ойнау;
- алаңда қалатын ойыншылар саны.

*«Пойыздар эстафетасы».* Ойыншылар командаларға бөлініп, колоннамен бір-бірінен 3-4 адымға орналасады. Белгі бойынша өз колоннасында бірінші тұрған ойыншылар белгілі бір қашықтықты жүгіріп өтіп, өз орнына келеді де, келесі ойыншымен қол ұстасып жүгіреді. Жүгіруді өз пойызымен бірінші боп жүгіріп өткен команда жеңімпаз атанады.

#### *Эстафеталар*

*«Сызықтық эстафета».* Ойыншылар 6-8 адамнан 2-4 командаға бөлінеді. Командалар колоннамен, бір сызық бойына орналасады. Әр команданың алдына 10-15 метр жерге ұршық (фишка) орнатылады. Ойыншылар эстафета кезінде ұршықты айналып жүгіреді немесе өзімен алып жүрген заттарын ұршықтың орнына қояды да, өз командасына қарай жүгіреді. Ысқырық бойынша бірінші тұрған ойыншылар жүгіруді бастайды. Олар өз колоннасына қайтып келіп, қолын келесі ойыншыға тигізеді немесе бір затты береді. Ойынды аяқтаған ойыншы өз колоннасының соңына барып тұрады да, кезекті ойыншы жүгіруді бастайды. Эстафетаны бірінші болып аяқтаған команда жеңімпаз атанады.

#### *«Доппен өткізілетін эстафеталар»*

1. Екі баскетбол добын еденнен серпе қозғалу.
2. Үш допты тасымалдап жүгіру (баскетбол, волейбол немесе теннис доптарын).

3. Доппен кенгуру тәсілімен жүгіру: ойынға қатысушы допты екі аяқ аралығына қысып, екі аяқпен секіре жүгіреді.

4. Допты жұпасып тасымалдау. Ойыншылар бір-біріне қарама-қарсы, допты іштерімен қысып тұрады. Аяқтарын тіркестіре қозғалып, белгілі бір қашықтықтан өтулері керек және допты түсіруге болмайды.

5. Таяқшалармен өткізілетін эстафета. Ойынға қатысушылар бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қолдарында екі гимнастикалық таяқша, ал таяқшаның үстінде доп. Белгілі бір қашықтықты жүгіріп өте отырып, допты түсіріп алмаулары керек.

6. «Күрт тәрізді ирелеңдеу». Ойынға қатысушылардың бірі баскетбол доптарына жатады және еденнен қолымен итеріле отырып алға қозғалуы керек. Екі ойыншы допты аяғынан кеудесіне қарай қозғай отырып, оған көмектеседі.

7. Бастапқы қалып. аяқты бүгіп таянып отыру, ішке допты қойып және допты түсіріп алмай белгіленген қашықтықты өту керек.

8. Допты үшеулеп тасымалдау. Баскетбол немесе волейбол добын үш ойыншы маңдайларымен ұстап тұрады және допты түсіріп алмай белгіленген қашықтықты өтулері керек.

9. «Допты хоккей». Теннис добын гимнастикалық таяқшамен соға отырып қозғалады.

10. Тура бағытпен немесе жолға қойылған кедергілерді айналып қозғала отырып футбол добын соға қозғалады.

*«Айналымдық эстафета».* Эстафетаны спорт алаңында өткізеді. Жүгіру жолдарын 30-60 метрлік кезеңдерге (этаптарға) бөледі. Ойынға қатысушылар 2-4 командаға бөлінеді. Әр команданың ойыншылар өз этаптарына орналасады. Мұғалімнің белгісі бойынша жүгіру басталып, бірінші этаптың жүгірушісі эстафетаны екіншіге береді және жарыс солай жалғаса береді. Бірінші боп мәреден өткен команда жеңімпаз болып табылады.

*«Қарама-қарсы эстафета».* Оқушылар 2-4 командаға бөлінеді. Әр команда екі топқа бөлініп, белгілі бір қашықтыққа бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Эстафетаға қатысушылар өз тобында орындарымен ауысып болғанша жүгіріп, тапсырмаларды орындайды. Қайта сап құрады, бірінші аяқтаған команда жеңіске жетеді.

*Гимнастика элементтерінен тұратын ойындар*

*«Желаяқтар».* Оқушылар гимнастикалық кілемшенің шетіне (сөрелік сызық) бір қатарға орналасады. Мұғалімнің белгісі бойынша алға еңкейіп, аяқтарын тобық тұсынан қармай ұстап (тізелерін бүкпей) тепе-теңдік сақтай отырып, алаңның қарсы бетіне қозғалады. Дұрыс және жылдам қозғалған ойыншы жеңімпаз атанады.

*«Жорғалаушылар».* Оқушылар 2 командаға бөлінеді және колоннаға тұрып сөре сызығына орналасады. Әр команданың алдына 10 метр жерге нығыздалған доп қойылады. Ысқырық бойынша оқушылар аяқтарын бүгіп еденге отырады. Әр ойыншы артында отырған ойыншының тілерсегінен ұстап, аяқ және жамбастарымен итеріле отырып алға қозғалады (күрт тәрізді). Солайша нығыздалған допты айналып, артқа қайтады.

«Шаяндар мен аулаушы». Ойыншылар (шаяндар) еденге (гимнастикалық кілемшеде) жамбастарымен отырып, қолдарымен арттарынан таяна отырып қозғалады, ал ойынды жүргізуші (аулаушы) төрттағандап қозғалып, оларды ұстауға тырысады. Отырып жинақталған (группировка) немесе жүрелей таянып отыруды дұрыс орындаған ойыншыны ұстауға болмайды, ал ұсталып қалған ойыншы аулаушының рөлін атқарады. Ойын барлық шаяндар ұсталғанға дейін жалғасады.

«Ең таңдаулы». Ойыншылар кезекпен акробатикалық жолақшада немесе гимнастикалық құралдарда жаттығуларды орындайды. Келесі ойыншыға әрекетті қайталауға болмайды (ол үшін айып ұпайы беріледі). Алуан түрлі жаттығулар жасаған және аз қателік жіберген ойыншы жеңімпаз атанады.

2-сурет. ЖДЖ (жалпы дамыту жаттығулары) элементтері және жеңіл атлетика элементтерінен тұратын ойындар (4 жаттығу)

	
<p>1-жаттығу. «Аяқты нысанаға тигізу». Ойыншының міндеті – құм салынған қалташықты немесе нығыздалған допты аяғымен қысып тұрып нысанаға дәл түсіру. Ойынды күрделендіру үшін арақашықтықты ұлғайтуға болады</p>	<p>2-жаттығу. «Бармақтар сайысы». Кішкентай домалақ шарларды немесе ұсақ тастарды оң аяғымен оң жақтағы ыдысқа, сол аяғымен сол жақтағы ыдысқа жылдам салған ойыншы жеңімпаз атанады</p>
	
<p>3-жаттығу. «Гимнастикалық қуыспақ». Қуушы өзін ұстап алмау үшін белгілі бір гимнастикалық қалыпты ұстау керек: жартылай шапағат, тепе-теңдік сақтау, жүрелей отыру және т.с.с.</p>	<p>4-жаттығу. «Кішкене науа». Бастапқы қалып (б.к.): бірінші және соңғы ойыншылардан басқаларының барлығы жүрелей отырады. Бірінші «Домала» деген пәрмен береді де, бір мезгілде аунап жатқан ойыншылардың жанынан қолындағы допты домалатады және оны соңғы ойыншы қағып алады да, колоннаны айнала жүгіріп біріншінің орнына тұрады, ал бірінші б.к қабылдайды</p>

Волейбол ойынын үйретуге арналған ойындар және ойын түріндегі жаттығулар

*Ойын түріндегі жаттығулар:*

*1. Жұптасып орындалатын жаттығулар.*

- бірінші ойыншы екінші ойыншыға допты төменнен екі қолымен қағып алатындай етіп лақтырады, допты қабылдаған ойыншы дәл солай бірінші ойыншыға лақтырады;

- бірінші ойыншы допты 1-1,5 метр сәл солға немесе оңға лақтырады, екінші ойыншы алға ұмтылып, допты бас деңгейінде қағып алуы керек және кері қайтарады да, бастапқы қалыпты қабылдайды;

- бірінші ойыншы допты екінші ойыншыдан 1-1,5 метр жерге сәл оңға немесе солға лақтырады. Екінші ойыншы бір бүйірге, алға, артқа ұмтылып допты қағып алуы керек. Ойыншылардың ұмтылу қимылын уақытылы орындауына назар аудару керек.

- ойыншылар бір-бірінен 3-5 м жерге орналасады және допты төмен, орташа және биік траекториямен лақтырады. Доптың ұшу траекториясына қарай қолдың еңкею бұрышы өзгеретіндігіне ойыншылардың назарын аудару керек: траектория қаншалықты төмен болса, қолдың еңкею бұрышы соншалықты көп болады.

2. Екі колоннаға орналасып, допты бір-біріне бағыттау. Дәл солай, тек тордан асыра орындау.

3. «*Кім дәлірек?*» Екі команда колоннаға тұрып, қабырғадан 5 метр жерге орналасады. Қабырғаға 2×2 шаршы сызылған. Екі команданың ойыншылары кезектесе отырып допты соғады (соғу әдісін мұғалім айтады) және шаршыға тигізуге тырысады да, колонна соңына барып тұрады. Шаршыға көбірек тигізген команда жеңімпаз атанады.

4. «*Әткеншек (айналма ойын орны)*». Екі команда ойыншылары екі шеңбер құрып орналасады. Шеңбердегі ойыншылар бір-бірінің артынан, 2 метр қашықтыққа орналасады. Белгі бойынша әр команданың бір ойыншысы допты жоғары лақтырады да, шеңбер бойымен жүгіреді, ал оның орнына келесі ойыншы келеді және допқа жерге түсуге мүмкіндік бермей қағып алады. Содан соң, дәл солай жоғары лақтырады да, алға жүгіріп кетеді. Допты аз түсірген команда жеңімпаз атанады.

*Жеңілдетілген (қорытынды) ойындар*

«*Бер де, шық*». Ойынға қатысушылар беткі сызыққа бір-бірінен 4 метр жерге жұпастып орналасады және бір бүйірмен қозғала отырып, допты бір-біріне береді.

«*Допты келесіге беру*». 6-8 ойыншы шеңбер құра орналасады, бір ойыншы шеңбер ортасында. Белгі бойынша ойыншылар допты бір-біріне бере бастайды, ал ортада тұрған ойыншы допқа қолын тигізуге тырысады. Допты түрлі бағытпен беруге болады. Қолын допқа тигізген ортаңғы ойыншы, сол ойыншының орнына шеңберге тұрады, ал ол ойыншы ортаға кіреді және ойын жалғасады.

«*Тордан асыр*». Ойын волейбол алаңында өткізіледі. Ойыншылар екі командаға бөлініп, ал олар тағы екі топқа бөлінеді және алаңның екі жағына бір-біріне қарама-қарсы колоннаға орналасады. Белгі бойынша алаңның оң жағындағы колоннада бірінші тұрған ойыншылар допты екі қолымен жоғарыдан тордан асырып, өз командаласына береді және өзі колоннаның соңына барып тұрады. Қарсы беттегі оқушы да дәл солай қайталайды.

*«Доп беру эстафетасы».* Екі команда қарама-қарсы колоннаға, бір-бірінен 8 метр қашықтыққа орналасады. Белгі бойынша бірінші ойыншы допты еденге соғып, өзі қарсы тұрған колоннаға қарай жүгіре қозғалады. Қарсы тұрған колоннаның бірінші ойыншысы еденнен серпілген допты қағып алып қарсы беттегі екінші балаға жоғарыдан (төменнен) екі қолымен бағыттайды. Ойын уақытқа өткізіледі.

*«Мергендер».* Командалар беткі сызыққа, бір қатарға орналасады. Екі команданың бір ойыншысы көп ұпай жинау үшін, допты ойынға қосу әрекетін санмен белгіленген шаршыға орындайды. Шаршыдағы санға сәйкес командаға ұпай беріледі және көп ұпай жинаған команда жеңіске жетеді.

*«Қозғалмалы нысана».* Ойыншылар шеңберде тұрып волейбол добын шеңбер ішіндегі жүргізушіге тигізуге тырысады. Соққыны волейбол соққысын орындаған кездегідей, бір қолмен орындау керек. Қателескен ойыншы ортаға, жүргізушінің орнына кіреді.

*«Қамалды қорғау».* Ойыншылар шеңберге орналасады, шеңбердің ортасында қамал (үшбұрыш құрайтын, жіппен байланған үш гимнастикалық таяқшалар), ал шеңбердің ішінде сол қамалды қорғаушылар. Шеңберде тұрған балалар волейбол добын қамалға лақтырады. Қамалды құлатқан ойыншы қорғаушы қызметін атқарады.

*«Пионерболды екі доппен өткізу».* Ойыншылар екі командаға бөлініп волейбол алаңына орналасады, ал командалар арасында биіктігі 2 метрлік тор. Ойыншылардың міндеттері – допты қарсылас алаңына түсіру. Әр команда екі доптың да бір мезгілде қарсылас алаңына түсіру үшін әрекет етеді. Доппен екі адым жасауға, бір-біріне беруге болады. Қателіктер: лақтырған доптың алаңнан тыс жерге түсуі, тордың астынан өтіп кетуі. Ойын 10 ұпай алғанға дейін жалғасады. Алаңға екі доп бір мезгілде түскен кезде және команда қателік жібергенде ұпай беріледі.

*«Шағын волейбол».* Көлемі 6×12-ден 9×18 дейінгі көлемдегі алаңға биіктігі 2 метрлік тор тартылады. Ойыншылар екі командаға бөлініп, алаңның екі бөлігіне еркін орналасады. Ойыншылардың бірі допты тордан асыра лақтырады. Қабылдаушы команданың ойыншылары бір-біріне допты бес рет бере алады және соңғы әрекеттен соң соққы жасап қарсы бетке өткізулері керек. Ойын доп жерге түскенше жалғасады. Допты жерге түсіріп алған немесе алаңнан тыс жерге шығарып жіберген командаға 1 айып ұпайы беріледі. Ойын командалардың бірі 15 айып ұпайын алғанға дейін жалғасады. Бес әрекеттен аз жасап, допты қарсы жаққа бағыттау қателік болып саналмайды.

*«Волейбол ойынынан шығып қалу».* 6-8 ойыншыдан бөлінген екі команда алаңның екі жағына еркін орналасады және мұғалімнің белгісі бойынша ойын жалғасады. Төреші бір команданың үш қателік жібергенін анықтап, соңғы қателік жіберген ойыншыны ойыннан шығарады. Ойыншылар саны азайған команда қарсыластарына қарай допты соғып, ойынды бастайды. Егер ойын кезінде тағы қателік жіберілетін болса, алаңнан бір ойыншы қуылады. Екі команданың да адамдар саны азая бастаған кезде ойын шарты өзгереді: кезекті үш қателік жіберген команда ақылдаса келе алаңнан бір ойыншысын қуады ма, жоқ әлде қарсы команданың бір ойыншысын қосып алуына рұқсат береді ме, соны шешеді.

Ойын үш патриядан тұрады. Ойын алаңда жалғыз ойыншы қалғанға дейін жалғасады немесе 10-15 минут деп уақытпен шектеуге болады. Жіберілетін қателер волейбол ойыны ережесі бойынша анықталады. Бір ойыншысынан айырылған команда допты ойынға қосады. Ойынға қайтып кіретін ойыншылардың реті мынадай: бірінші шығып қалған, содан соң екінші және т.с.с. допты ойынға қосуды кезекпен, алаңда сағат тілімен қозғала отырып орындайды.

*Футболды үйретуге арналған ойындар мен ойын түріндегі жаттығулар*  
*Ойын түріндегі жаттығулар:*

1. Сағат тіліне қарсы бағытта, шеңбер бойымен доппен қозғалу. Екі ойыншының қайсысы қуып жетеді немесе қолын тигізеді?

2. Ұзындығы 6×6 шаршы алаңды айнала доппен қозғалу. Шаршыны екі рет айналып, бірінші келген ойыншы жеңімпаз атанады.

3. «Алға-артқа жүгіру». Ұзындығы 20 метрлік алаңды 3 сызықпен бөледі. Нәтижесінде түрлі жалпақтықтағы 4 жолақ болуы керек (7 м, 4м, 6м, 3 м). Ойыншы бірінші сызықтан келесі сызыққа дейін алға-артқа жүгіруді бастайды.

4. 10×10 шаршы метр алаңда сағат тіліне қарсы бағытпен доппен қозғалу. Екі ойыншы қарсы бұрышта тұрып, допты өзінде көбірек ұстауға тырысады. Добы жоқ екі ойыншы қалған екі бұрышқа орналасады. «Бас!» деген бұйрық бойынша олар екеуінің аралығындағы қарсыластарының добын тартып алуға тырысады.

5. «Доппен допты». Ойыншылар санына қарай алаң көлемін таңдау керек. Барлық ойыншылар доптарымен алаңда еркін қозғалып жүреді. Бір ойыншы (жүргізуші) өз добын көбірек ойыншыға тигізуге тырысады және ол үшін 1 минут уақыт беріледі. Содан соң жүргізуші ауыстырылады.

*Жеңілдетілген (қорытынды) ойындар*

«Шеңбердегі доп». Ойыншылар қол созым бойымен бір шеңберге тұрады, алаңның ортасына добы бар жүргізуші орналасады. Ол допты аяғымен соғып, алаңнан шығарып жіберуге тырысады. Шеңбердегілер допты аяқтарымен тоқтатып, бір-біріне береді және олардың әрқайсысы доптың оң жағынан өтіп кетпеуін қадағалайды. Допты оң жағынан жіберіп алған ойыншы ортаға шығады. Доп тізеден жоғары көтерілмеуі керек. Қолмен ұстауға болмайды.

«Шаяндардың футболы». Ойын үлкен және жеңіл доппен өткізіледі. Барлық ойыншылар өз алаңының беткі сызығына қолдарын таянып, жамбастарына отырады. Доп алаңның ортасында. Мұғалімнің белгісі бойынша барлығы шаян тәрізді қимылдап допқа қарай қозғалады. Допқа ие болған ойыншы келесі командаласына беріп, алаңның қарсы бетіне жеткізуге тырысады.

«Футбол қуыспағы». Ойын спорт залында немесе хоккей кортында өткізіледі.

1-ші нұсқасы: жүргізуші допты ойыншылардың біріне тигізуге тырысады. Доп тиген бала жүргізуші болады.

2-ші нұсқасы: екі жүргізуші допты бір-біріне бере отырып, ойыншыларды қуады және тигізуге тырысады. Доп тиген ойыншы жүргізуші болады.

«Тобықпен лақтыру». Салмағы 1-2 келілік нығыздалған допты екі аяқ аралығына (тобық тұсымен) қысып лақтыру. Сөре сызығында тұрып екі аяқпен итеріліп тік аяқпен алға-жоғары лақтыру.

«Аяқпен ойналатын лапта». Ойын сипаты кәдімгі лаптаға ұқсайды, тек допты аяқпен соғу керек. Команда құрамында 9 ойыншы болады. Лапта ойынындағыдай екі командаға бөлінеді. Бір команда – соққы жасаушы, екінші команда – жетекші, алаңдағы ойыншылар. Аяқпен ойналатын лапта – тегіс алаңда ұзындығы 50-70 м., ені 25-30 м. Ойналады.

Ойын футбол алаңында өткізіледі. Соққы жасаушы команданың ойыншысы жүгіріп келіп допты соғады. Допты соғу кезекпен орындалады, сондықтан ойыншылар нөмірленуі керек. Соққы жасаған ойыншы қалашық сызығынан үйшік сызығына дейін өзін ұстауға мүмкіндік бермей жүгіріп келуі керек. Алаңдағы ойыншылар допты қақшып кетуге тырысады. Оны аяғымен немесе қолымен орындауға болады. Допты тоқтатқан соң, соққы жасаушы команданың алаңда жүгіріп жүрген ойыншысына допты тигізуге тырысады. Соққы жасаушы команданың ойыншысы үйшік сызығына жетіп үлгерген жағдайда өз командасына 1 ұпай әкеледі. Ал алаңдағы ойыншылар допты әуеде қағып алса немесе жүгіріп жүрген ойыншыға тигізсе, соққы жасаушы команда қателік жіберген болып саналады. Үш қателік жіберілген соң командалар орындарымен ауысады. Ойын алты партиядан тұрады. Яғни, әр команда үш реттен орын ауысады және ең көп ұпай жинаған команда жеңімпаз атанады.

Ойынды қосымша ережелермен толықтыруға болады: ойын футбол добымен өткізіледі; допты лапта таяғымен емес, аяқпен соғады; алаңдағы ойыншылар допты бір-біріне бере алады, соғып жібере алады, иықпен соға алады. Кезекті соққыны орындайтын ойыншы допты өз алаңының кез келген жеріне қойып бастай береді. Доптың алаңнан шығып кетуі аут деп белгіленеді және командаға айып ұпайы жазылады.

*Баскетбол ойынын үйретуге арналған ойындар және ойын түріндегі жаттығулар. Ойын түріндегі жаттығулар:*

1. «Мүсін». Оқушылар алаңда доппен қозғалып жүріп (әрқайсысында бір доптан), белгі бойынша тоқтайды (тоқтамаған ойыншы бір ұпай жоғалтады).

2. «Қуыспақ». Оқушылар доппен қозғала отырып, өзін жүргізуші ұстауына, қол тигізбеуіне жол бермеу керек.

3. «Балықшы». Оқушылар (балықтар) беткі сызық бойына орналасады, ал «балықшы» ортаңғы сызықта болады. Белгі бойынша ойыншылар доппен қозғала бастайды және балықшының қолын тигізбей алаң ортасына жетулері керек. Ұсталған ойыншы балықшы рөліне тағайындалады.

4. Допты қабырғаға сызылған шаршыға немесе ұстап тұрған шеңберге лақтыру.

5. Жұптасып орналасып, кез келген тәсілмен беру.

6. Қарама-қарсы колоннада допты бір-біріне беру.

7. Төрт ойыншы төрт бұрышқа орналасады, бір ойыншы доппен ортада. Ортадағы ойыншы допты берген соң, допты қабылдаған ойыншының орнына барып тұрады.

8. Допты секіріп қағып алу. Белгі – жүгіру – секіру – допты қағып алу – шеңбер айнала доппен қозғалу. Шеңберде тұрған ойыншы колоннаның соңына барып тұрады.

*Жеңілдетілген (қорытынды) ойындар*

*«Доп капитанға».* Баскетбол ойынына ұқсайды. Ойынға қатысушылар екі командаға бөлініп, допты игеруге, белгілі бір нысанаға лақтыруға тырысады. Алайда, допты себетке емес, алаңның қарсы жағындағы өз ойыншысына (қаққыш) лақтыру керек. Қаққыштың секіріп қағып алуына болады, тек ол ауқымы 70-100 см шеңберден (бейтарап аумақ) шықпай әрекет етуі керек. Ол аумаққа екі команданың алаңдағы ойыншыларына да кіруге болмайды. Кіріп кеткен жағдайда доп қарсы командаға беріледі. Өрескел қате жасағаны үшін қаққыштан 6 м жерде айып добын лақтыру құқығы беріледі. Қаққыштың алдына, бейтарап аумақ маңына орналасқан бір ойыншы ғана кедергі жасауға рұқсат. Ойыншы алаңның ортаңғы бөлігін өткен соң ғана лақтыра алады деп ойын ережесіне өзгеріс енгізуге болады. Әрбір дәл лақтырылған доп командаға ұпай әкеледі. Содан соң допты қарсы команданың ойыншылары қосады.

*«Капитанды қорға».* Ойыншылар екі командаға бөлінеді және өз капитанын, үш-төрт шабуылшылары мен қорғаушыларын сайлап алады. Алаң ортасынан тең бөлінеді. Капитандар мен қорғаушылар өз алаңында, ал шабуылшылар қарсылас бөлігінде болады. Доп ойынға қосылған соң, допқа иелік еткен команда доппен қозғалу арқылы қарсы команданың капитанына жақындап, оған допты тигізуге тырысады. Оған қорғаушылар мүмкіндік бермей, допты тартып алуға тырысады және алаңның келесі бөлігіндегі өз шабуылшыларына жеткізуге әрекет етеді. Допты капитанға тигізгені үшін командаға бір ұпай беріледі. Капитандар өз алаңында қозғала жүріп, өзіне топты тигізбеуге тырысады. Қорғаушылар өз алаңынан шыға алмайды, ал шабуылшылар қорғаушыларға көмекке келу үшін өз алаңына қайта алмайды. Ойын ережесін бұзғаны үшін команда доптан айырылады. Ойын 15-20 минутқа жалғасады және көп ұпай жинаған команда жеңіске жетеді.

*«Қозғалыссыз баскетбол».* Сабактың тығыздығын сақтау үшін ойын алаңның екі бөлігінде, әр бөлігінде екі командамен өткізіледі және әр команда құрамында 3-4 ойыншыдан болады. Допқа ие ойыншы алаңда қозғала алмайды, ол тек допты бере алады. Ал допсыз ойыншылар алаңда қозғала береді. Допты тек әуеде қағып алуға болады. Допты себетке түсіргені үшін екі ұпай беріледі. Әр команда бір-біріне жиі доп беріп, себетке көбірек түсіруге тырысады және көп ұпай жинаған команда жеңіске жетеді.

*«Үш командамен өткізілетін баскетбол».* Баскетбол алаңында үш команда болады. Екінші және үшінші командалардың әрқайсысы өз алаңында аумақтық қорғаныс ұйымдастырады. Доп бірінші команда ойыншыларында болады. Мұғалімнің белгісі бойынша олар екінші команданың себетін шабуылдайды. Екінші команданың ойыншылары допқа ие болысымен, олар үшінші команданың қалқаншасын шабуылдайды. Допты жоғалтып алған бірінші команданың ойыншылары сол жерде аумақтық қорғанысты ұйымдастырады. Үшінші команда допқа иелік етіп, алаңның қарсы бетіндегі себетті шабуылдайды. Допты себетке түсіргені үшін командаға бір ұпай беріледі және өз аумағын қорғауға дайындалады, ал ұтылған команда шабуылға кіріседі. Ойын кезінде баскетбол ойынының ережесі сақталады және ең көп ұпай жинаған команда жеңіске жетеді.

*«Доппен өткізілетін қуыспақ».* Ойын баскетбол алаңында екі командамен өткізіледі. Ойыншылар өз алаңына орналасады. Команда капитандары қарсылас


алаңына өтетін 2-3 ойыншыны тағайындайды. Белгі бойынша ол ойыншылар доппен қозғала отырып қарсы команда ойыншыларына жақындап, қолын тигізуге тырысады. Ойын 1 минутқа жалғасады, содан соң олардың орнына басқа ойыншылар тағайындалады және ең көп ұпай жинаған команда жеңіске жетеді. Доппен қозғалу кезінде артық адым (3), қосарланған қозғалыс жасауға болмайды. Қателік жіберген ойыншылар ұсталған боп саналады. Барлық ойыншыларға бір доптан беріп ойын ережесін өзгертуге болады.

«Доп үшін тартыс». Ойын баскетбол ережесімен өткізіледі, тек себетке лақтыруға болмайды. Алаңның ортасынан ойынға доп қосылады да, допқа ие болған ойыншылар бір-біріне 10 рет доп беруге тырысады және ол үшін командаға 1 ұпай беріледі. Содан соң ойын тоқтатылып, қайтадан допты ортаға лақтырумен ойын басталады. Ойын 8-10 минут өтеді және ең көп ұпай жинаған команда жеңіске жетеді. Ойын кезінде әр ойыншы өз қарсыласын тауып, одан допты тартып алуға тырысады және олар бір-біріне 10 рет доп берулері керек. Егер доп қарсыластың көмегімен алаңнан тыс шығарылған болса немесе өрескел ойнаса, онда ойын қайтадан жалғасады және доп беру санағы жалғасады. Допқа ие команда ойын ережесін бұзса (артық адым, қосарланған қозғалыс) доп қарсы командаға беріледі. Ойынды доппен қозғалу немесе еденнен серіппей бір-біріне беру түрінде өткізуге болады.

*Қысқы уақытта, таза ауада өткізілетін ойындар 3-сурет (5 ойын түріндегі жаттығу). Ойын-сауық түрлері.*

«Шеңбердегі шайба». Жүргізушіден басқа ойыншылардың барлығы бір-бірінен 1-2 адым жерге шеңбер құрып орналасады. Шеңбер ортасындағы жүргізуші алдына шайба (мұз сынығы) қояды және аяғымен шайбаны тебе бастайды, ал ойыншылар оған кедергі келтіреді. Өзінің оң жағынан шайбаны өткізіп алған ойыншы жүргізуші болып тағайындалады. Бірде-бір рет жүргізуші болмаған ойыншы жеңімпаз болып саналады.

3-сурет (ойын түріндегі 5-жаттығу).



«Жалаушалар сайысы». Ойынды өткізу үшін ойыншылар санына тең келетін 2 түсті жалаушалар (таяқша, кубиктер) және төрт бұрышты алаң керек. Бір команданың әр ойыншысында екі түсті жалауша болады. Екі топқа бөлінген ойыншылар алаңның бір жағына орналасады. Ал келесі команданың ойыншылары екі топқа бөлініп, шаршының қарсы жағына орналасады. Мұғалімнің белгісі бойынша екі команданың да ойыншылар алға қарай жүгіреді. Бірінші команда ойыншыларының міндеттері – әр қайсысының қолында бір түсті жалауша

қалатындай етіп, бір-бірімен жалауша алмасу. Екінші команданың міндеттері – оған кедергі жасау. Егер екінші команданың ойыншысы бірінші команданың ойыншысына қолын тигізсе, ұсталған ойыншы ойыннан шығарылады. Ойыншыларының жартысынан көбі жалаушылармен алмасып үлгерген команда жеңімпаз болып саналады.

«*Ұршықты құлат*». Ойыншылар колоннаға орналасып, 8-10 метр жерге орнатылған ұршықты доппен ұрып құлатуға тырысады. Ойынды өткізу үшін бірнеше доп керек. Құрал-жабдық жеткілікті болған жағдайда тапсырманы барлық ойыншылар бір мезгілде орындай алады.

*Шанамен өткізілетін ойындар. 4-сурет (6-12 жаттығу.)*

«*Мерген*». Таудың (төбе) құлдилау жолынан 4-5 м жерге көлемі әртүрлі 3 қалқанша орнатылады. Командалар 6-8 адамнан, 2-3 командаға бөлініп жарысады. Әр команданың ойыншысы кезегімен таудан сырғанап, құлдилап келе жатып қалқаншаларға қар лақтырады. Үлкен қалқаншаға тигізгені үшін 1 ұпай, орташасына тигізгені үшін – 2, кішкентайына тигізгені үшін – 3 ұпай беріледі және ең көп ұпай жинаған команда жеңіске жетеді.

«*Кім алысқа?*». Ойынға қатысушылар таудың басына шығып, шанамен таудың етегіне дейін сырғанайды. Құлдилап келе жатып қолымен көмектесуге болады. Әр ойыншыға шанамен құлдилау түсуге 2-3 мүмкіндік беріледі және ең алысқа сырғанаған ойыншы жеңімпаз атанады.

«*Шығыршықты ілу*». Таудың етегіне жолдан 2-3 м жерге екі қада қағылады. Әр ойыншыға диаметрі 20-30 см шығыршық беріледі. Шанамен сырғанап келе жатып шығыршықты қадаға ілу керек.

«*Шана сайысы*». Ұзындығы 100-400 метрлік тұзақ немесе шеңбер түрінде бейнеленген қашықтық сызылады. Ойыншылар екі командаға бөлінеді және әр командада бір шанадан олады. Сөреге екі ойыншы шығады: біреуі шанада, екіншісі бауынан сүйреуші. «Бас!» деген белгімен екі команда ойыншылары сайысты бастайды. Қашықтық ортасына жеткенде екеуі орындарымен ауысады.

«*Шұғыл хабар*». 200-300 метрге созылатын шеңбер түріндегі қашықтық 5-6 кезеңге бөлінеді. Сөрелік және мәрелік сызық бір жерде болады. Ойынға екі команда қатысады. Ойыншылардың біреуі шанаға отырады, екіншісі бауынан ұстайды. Белгі берілген кезде жарыс басталады және екі жұп екі жаққа жүгіреді. Әр кезеңде жұптар ауысады және мәреге бірінші жеткен команда жеңімпаз атанады.

«*Шана қалашығы*». Ойыншылар екі топқа бөлініп бір-біріне қарама-қарсы орналасады (ұлдар мен қыздар). Шана ұлдарда. Олар бір аяқтарын шанаға қойып, екіншісімен итеріліп қарсы бетке барады және шананы қызға береді. Тапсырма солай қайталана береді және тапсырманы орындаған ойыншы колонна бойына барып тұрады. Командалар сөре сызығынан 15-20 м жерге колонна болып орналасады. Ортасынан сызық сызылады. Әр команданың алдына 2 ұршықтан қойылады. Бірінші ойыншы шанаға отырады, екіншісі оны сүйрейді. Ұршыққа жеткен кезде ұршықты қолына алып, соңғы аялдамаға дейін жарысады және орындарымен ауысады. Қайтып келе жатқан кезде ұршықты орнына қояды.

«Тасбақалар». Ойынға қатысушылар жұптасып орналасады. Белгі бойынша шанаға бір-біріне арқасын беріп отырады және аяқтарымен итеріле отырып мәреге жету керек (18-20 м), ал қайтарда шананы сүйретіп жүгіріп қайтады.




«Шанадағы тартыспақ». Қарсыластар бір-бірімен ұзындығы 4 метрлік жіппен байланған шанаға отырады және шананың алдыңғы жағын артқа қаратып қояды. Жарысқа қатысушы аяғымен жерге тіреле отырып, қарсыласты өзіне қарай тартып алуы керек.



«Шанамен өткізілетін эстафеталар». 1. Командалар сөре сызығынан 15-20 м жерге орналасады. Әр команданың түсі бөлек өз жалаушасы болады. Бір ойыншы қолына жалаушасын алып тізерлеп шанаға отырады, ал екінші ойыншы оны сөреге дейін сүйрейді және сол жерде орындарымен ауысады.

2. Командалар 40-50 м жердегі сөре сызығына қарсы колонна болып орналасады. Белгі бойынша әр команданың үш қатысушысы (біреу шанада, екіншісі сүйреуші, үшіншісі – шананы артынан итеруші) мәре сызығына дейін және кері қарай жүгіреді. Содан соң, шана сүйреген ойыншы колоннаның соңына тұрады, оның орнына шананы итерген, ал шанада отырған оның орнына тұрады. Шанаға колоннада бірінші тұрған ойыншы отырады. Нұсқасы: екі ойыншы қатысуына болады және мәре сызығында орындарымен ауысады (4-сур.9,10,11-жаттығулар).

*Шанамен өткізілетін ойындар.*

*4-сурет (6-12 ойын түріндегі жаттығулар)*

	
<p>6-жаттығу. «Шанада тұрып, шаңғыша жарысу». Қауіпсіздік ережесін сақтау керек</p>	<p>7-жаттығу. «Карел жарысы (үскірмен) жарысу»</p>
	<p>8-жаттығу. Үскірлер қысқа. Егер ойыншылар көп болса, барлығын бір мезгілде жарыстыруға болады</p>
	
<p>9-жаттығу. «Шанамен өткізілетін эстафеталар»</p>	

	
<p>10-жаттығу. «Буксир – «Итергіш». Шананы жіберуге болмайды</p>	<p>11-жаттығу. «Жол талғамайтын көлік». Қолды арқасынан алуға болмайды</p>
	
<p>12-жаттығу. «Аяқ сайысы». Тек аяқпен итерілу керек</p>	

«Сырғығыш шаналар». Ойыншылардың бірі шанаға жатады, екіншісі оның аяғынан ұстап алға итереді. Бұрылысқа келгенде орындарымен ауысады.

*Конькимен өткізілетін сайыстар. (5-сурет (13-16 ойын түріндегі жаттығулар)*

«Қуыспақ». 15-20 м аралықта екі сызық сызылады (сөре және мөре). Жарысқа қатысушылар сөре сызығына орналасады және «Бас!» деген белгі бойынша мөреге дейін жарысады. Мөре сызығын бірінші өткен ойыншы жеңіске жетеді.



«Кім алысқа?». Ойыншылар сөре сызығына бір-бірінен 2-3 адым аралықта орналасады. Белгі бойынша 4 адым итеріліп, содан соң алысқа сырғанауға тырысады және ең алысқа сырғыған ойыншы жеңімпаз атанады.

«Шайбамен өткізілетін сайыс». Ойынға қатысушылар бір-біріне қарама-қарсы орналасады (ұлдар қыздарға қарсы). Әр командаға шайба мен имек таяқ беріледі. Белгі бойынша бірінші ойыншы (ұл бала) алдында тұрған кедергілерді айнала отырып (құлатпай), шайбаны қыздарға дейін жеткізеді де шайба мен имек таяқты береді және сол командада қалады. Ал, қыз бала шайба мен имек таяқты ұлдарға жеткізуі керек, сосын колоннаның соңына барып тұрады. Ойын жалғаса береді.

«Жалаушаларға арналған сайыс» (ойынды конькисіз де жүзеге асырылуы мүмкін). Ойыншылар бір жолға желінеді. Жалаушылар 10-15 метр қашықтықта орналастырылады. Бірінші жолда жалаушалар ойыншылардың санынан екеуі кем орнатылады. Екінші жолда бірінші жолға қарағанда екеуге аз белгіленеді және т.с.с., бір жалауша қалғанша. Қатысушылар 1-ші жолда жүгіреді де, бір жалаушадан алады, ойыншылар сайысты жалғастырады, ал кімге жалауша жетпесе, бастапқы орнына қайтып барады. Ойын жалғаса береді, соңғы жалаушаны алған жеңімпаз атанады.

«Қарлығашты қуып жет». Ойыншылардың бірі (қарлығаш) басқаларының алдына 6-8 м жерге тұрады. Белгі бойынша қарлығаш «ұшып» кетеді, ал қалғандары оны қуып жетулері керек және қуып жеткен ойыншы қарлығаш болады.



«Конькидегі эстафета». Барлық командалар сөрелік сызық бойына орналасады. Әр колоннаның алдына арақашықтығы 10-15 м жерге 5-6 жалауша орнатылады. Белгі бойынша команданың бірінші нөмірлері жарысты бастайды және жалаушаларды айналып келіп, келесі ойыншы жарыс жолына шығады және мәре сызығын бірінші болып кесіп өткен команда жеңімпаз атанады.

	
<p>13-жаттығу. «Канада хоккейі». Бір сызық бойына 2-3 қатар жалаушалар шоғыры орнатылады (әр жалаушаның аралығы 5-6 м). Сөре сызығына 2-3 ойыншы шақырылады және оларға шайба мен имек таяқ беріледі. Тапсырма: конькимен қозғала отырып жалаушаларды айналып өтіп, имек таяқтың көмегімен шайбаны мәреге жеткізу. Жалаушаларды құлатпай жылдам келген ойыншы жеңімпаз атанады</p>	<p>14-жаттығу. «Жыланша ирелеңдеу». Сөре сызығына аралығы 5-6 метр жерге 5-6 жалауша қойылады. Оқушы «Сөреге!» бұйрығы бойынша сөре сызығына келеді және «Бас!» пәрменімен жалаушаларды айналып өтіп мәреге жетеді. Жалаушаларды құлатпай жылдам келген ойыншы жеңімпаз атанады</p>

«Ысқырықты тыңда». Ойынға қатысушылар қол созым бойы жерге бастапқы сызыққа орналасады. Белгі бойынша алға сырғанап, қатарды бұзбауға тырысады. Жүргізуші олардың алдында сырғанап жүріп түрлі қимылдар орындай бастайды, ал қалғандары сол қимылдарды қайталаулары керек. Содан соң, ысқырық бойынша артқа қарай жүгіреді. Бірінші келгенге 3 ұпай, екіншіге – 2, үшіншіге – 1 ұпай беріледі. Осылайша бірнеше рет қайталанған соң жеңімпаз анықталады.

«Қоңырауды қуып жет». Ойынды өткізуге қоңырау керек. Қоңырауды ойыншылардың біріне береді және ол қоңырауды соға отырып төрт ойыншыдан қашады. Төртеуі қуып жетіп қоңырауды бар баланы қоршауға алулары керек. Алайда, ол ойыншы өзін қоршау қаупі туындаған жағдайда қоңырауды басқа біреуге беруіне болады.

«Хоккейшілер сайысы» (бұл сайысты конькимен де, конькисіз де өткізуге болады). Қарға – диаметрі 80 см екі шеңбер сызылады. Шеңберлердің аралығы 80-100 см. Әр шеңбердің ортасында шайба жатады. Қолдарында имек таяқтары бар екі ойыншы қарсыластың шеңберіндегі шайбаны шығарып жіберіп, ал өзінікін қорғауға тырысады. Екеуіне де ол шеңбердің ішінде кіруге болмайды. Сайысуға 2-3 минут уақыт беріледі. Жеңімпаз анықталмаған жағдайда қосымша 1 минут беріледі.


	
<p>15-жаттыгу. «Имек таяқты атша мініп». Әр командада бір имек таяқ және оны эстафета таяқшасы тәрізді бір-біріне берулері керек. Олардың міндеті – имек таяқты атша мініп ұршықты (допты) құлатпау. Құлатқан жағдайда қайтып келіп ұршықты (допты) орнына қою керек, содан соң ғана жарысты жалғастыруына болады</p>	<p>16-жаттыгу. «Алға-артқа». Ойынға қатысушылар бір-біріне қарап жұптасып орналасады. Олардың міндеттері – 30-100 м жердегі жалаушаға дейін бірге жүгіріп барып – келу. Яғни, бірінші ойыншы конькиді кәдімгідей тепсе, екіншісі артымен қозғалуы керек. Артымен қозғалатын ойыншы аяғын бірге қосып сырғиды. Мәре сызығынан бірінші болып өткен жұп жеңімпаз атанады</p>

«Мұздағы бильярд». Ойын көлемі 6×3 м мұз айдынында өткізіледі. Мұздан жасалған жақтауларда шайба өтетін ұңғылар (ойылған тесік) болады. Ойыншылар жұмсақ резинке шайбамен ойнайды және әр шайбаға 1-15 сандарымен нөмірлеуге болады. 16-шы шайбада нөмір болмайды және сол соғу-шайбасы болады. Онымен қалған шайбаларды бұзады. Ойынға хоккейге арналған имек таяқтар қолданылады. Коньки теуіп жүрген ойыншылар шайбаларды арнайы ұңғыларға (ойылған тесікке) түсіруге тырысады. Ойын тәжірибесі аз ойыншыларға кез келген шайбаны ұңғырға түсіруге болады. Барлығы ойын техникасын игерген соң, әрқайсысы саны үлкен шайбыны түсіруге тырысады, себебі саны үлкен нөмірлі шайба ұпай жинағы болып есептеледі.

Шаңғымен өткізілетін ойындар. (6-сурет (17-24 ойын түріндегі жаттығулар))

«Көк және сары таяқшалар». Тау жотасына ойыншылар санына шақтап есептелген сары және көк түсті таяқшалар қойылады. «Бас!» деген белгі бойынша барлығы шаңғымен жүгіріп шығады. Олардың әрқайсысы өз командасының түсіне сәйкес келетін жалаушаны алып, таудан түседі және өз орынына келеді. Мәре сызығына басқа командалардан бірінші болып жеткен команда жеңімпаз атанады.

Шаңғымен өткізілетін ойындар 6-сурет (17-24 ойын түріндегі жаттығулар)



<p><i>17-жаттығу. «Қақпа».</i> Командалар колонна болып сөре сызығына орналасады. Олардың алдына 20-40 м жерге «қақпа» орнатылған (үстінен жіппен байланған таяқшалар). Белгі бойынша бірінші шаңғышы «қақпадан» өтіп, одан кейінгі мәре жызығына дейін жүгіріп, кері қайтады. Шаңғышылардың міндеттері: қақпаны құлатпай, екі аралығынан өту. <i>Ойын нұсқасы:</i> қақпадан барлығы бірге өтуге болады, ал қайтарда қақпаны айналып өтеді. Қақпа құлап қалған жағдайда, оны орнына қою керек, сосын жарысты жалғастыруға болады</p>	<p><i>18-жаттығу. «Шаңғышылар сайысы».</i> Командалар колоннада тұрып сөре сызығына орналасады. Белгі бойынша бірінші тұрған шаңғышы бір шаңғымен мәреге дейін жүгіреді және артқа қайтады</p>
--	--

*«Нөмір бойынша шақыру».* Ойыншылар бір қатарға тұрады. Олардың алдыларына 30-40 м жерге шаңғы таяғын қадап қояды. Ойыншылар екі командаға бөлінеді және әр команда нөмір бойынша белгіленеді. Мұғалім кез келген нөмірді айтады және олар шаңғымен жүгіріп барып таяқты алуға тырысады. Таяқты бірінші болып алған ойыншы өз командасына бір ұпай әкеледі.

*«Үштіктер».* Бір-біріне параллелді орналасқан шеңбер тәрізді үш шаңғы жолы даярланады. Ойыншылар екі командаға, ал командалар үштікке бөлінеді. Бір команда шеңбердің бір жағында, ал екіншілері қарсы жағына орналасады. Сөреге алғашқы үштіктер шығады. Шаңғышылар таяқтарын тастап, бір-бірінің қолдарынан ұстайды. Белгі бойынша олар шаңғы жолымен қозғалады. Шеңберді бір айналып шыққан соң, эстафетаны келесі үштікке береді. Қарсыластарына жақындай білген команда жеңімпаз атанады.

*«Шаңғы үзеңгісі».* Командалар бір-біріне қарсы колоннаға үшеуден орналасады. Біреу шаңғымен қозғалады, қалған екеуі – оны жіппен сүйрейді.

*«Шаңғы таяқшасымен өткізілетін қарама-қарсы эстафета».* Ойынға қатысушылар қарама-қарсы колоннаға жұптасып орналасады. Біреу шанаға отырады, екіншісі шаңғы таяғының бір ұшын өзі, екінші ұшын шанадағы ойыншыға ұстатады. Белгі бойынша жарыс басталады. Белгіленген қашықтықты өткен соң, эстафетаны келесі жұпқа береді.


*Шаңғымен ұйымдастырылатын сайыстар:* кім шаңғымен 180° және 360° жылдам бұрылады; шаңғымен бұрылуды секіріп орындау; таяқпен итерілген соң бір шаңғымен ұзақ сырғу.

*«Кім жылдам?».* Екі команда алаңның ортасына орналасады. Шаңғышылар бірінші-екіншіге саналып, екі жаққа бұрылады. Бірінші нөмірлер бір команда, басқалары екінші команда. Командалардың алдынан мәре сызығы сызылады және белгі бойынша барлығы өз мәре сызықтарына жүгіреді. Барлық команданың ойыншылары сызықтан бірінші өтсе, сол команда жеңімпаз атанады.


*«Шатшаң шаңғышы».* Ойынға қатысушылар бір қатарға таяқсыз орналасады және олардың алдынан 40-50 м жерге мәре сызығы сызылады. Белгі бойынша барлығы мәре сызығына қарай жүгіреді және жүлдегер шаңғышылар анықталады. Содан соң, артқа қарай (мәреге) жарысады, оған жүлдегерлер қатыспайды. Уақыт болса үздік алтылық арасында ақтық сайыс ұйымдастыруға болады. Ұлдар мен қыздар бөлек жарысады.

«Мергендер сайысы». Ойыншылар екі командаға бөлінеді және бір-біріне қарама-қарсы, бір қатарға тұрады. Олардың аралығы 10-12 м. Ортаға (қардан жасалған төбешікке) доп қояды. Белгі бойынша бір команданың шаңғышылары қармен ортадағы допты атқылай бастайды. Әр құлатқан әрекеттері үшін командаға бір ұпай беріледі. Содан соң екінші команда бастайды. Көп ұпай жинаған команда жеңімпаз болып саналады. Қарды екі допқа лақтыруға болады. Ойын нұсқасы: қарды екі-үш ойыншымен топтасып лақтыруға болады.

«Шаңғы таяғымен өткізілетін эстафета». Үш-төрт команда колоннаға тұрып сөре сызығына орналасады, бірінші тұрған шаңғышылардың қолдарында шаңғы таяғы. Белгі бойынша 30-45 м жердегі бақылау жалаушаларына қарай жүгіріп, соның жанына таяқтарын қадайды және оны айналып өтіп, өз колоннасына қайтады. Келесі шаңғышы шаңғысымен жүгіре отырып, командасының таяғын алып қайтады және келесі ойыншыға береді. Соңғы шаңғышы мәре сызығынан өткен кезде жарыс аяқталады.



19-жаттығу. «Желкен». Сөреде және мәреде адымдау арқылы бұрылу қимылдарын 90, 180, 360 градуска бұрылып орындау




20-жаттығу. «Қуыспақ». Кімді қуып жетсе, сол жарыс жолынан шығып қалады және ең соңында жалғыз қалған шаңғышы жеңімпаз болып табылады



«Епті шаңғышылар». Көп таяқша жинаған команда жеңімпаз атанады. Содан соң командалар орындарымен ауысады.



21-жаттығу. «Шаңғы таяғынсыз өткізілетін эстафета». Балалар 3-4 командаға бөлінеді. Әр команданың тақ және жұп санды шаңғышылары 60-80 м жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қарсы колонналардың алдынан жалаушалар көмегімен сөре сызығы сызылады. Белгі бойынша жұп сандағы таяқсыз шаңғышылар жүгіріп шығып, қарсы колоннаны қуып жетуі керек. Тақ санды колоннаның сызығын кесіп өткен соң, өз колоннасына қарай жүгіреді және колоннаның соңына кеп тұрады. Сан реті бойынша соңғы шаңғышысы жүгіріп өткенде жарыс аяқталған болып саналады. Тапсырманы жылдам және жарыс



22-жаттығу. «Жалаушалар сайысы». Жарысты бір мезгілде бірнеше ойыншы бастайды (алаң мүмкіндігіне қарай) және жалаушалар саны ойынға қатысушылармен салыстырғанда біреуге кем. Арақашықтық метрмен көрсетіледі. Әр кезең сайын бір ойыншыдан жарыс жолынан шығарылып отырады (жалауша алып үлгермеген шаңғышы)

ережесін бұзбай орындаған команда жеңімпаз атанады	
	
23-жасттығу. «Үш аяқтылар сайысы»	24-жасттығу. «Шаңғышы-шабандоздар». Тақ санды шаңғышылар таудан түсіп келе жатып, таяқтарын қарға тастайды, ал жұп сандылар оларды көтеріп алулары керек

*Ұлттық ойын түрлері. Жекесайыс:* Асқабақты ұру; Таяқшылар сайысы (қолдарына гимнастикалық таяқша ұстаған ойыншылар бір-бірін итере отырып шеңберден шығарып жіберуге тырысады).

«*Аударыспақ*». Гимнастикалық бөрене немесе гимнастикалық орындықта отырып бір-бірін жұмсақ жастықпен (төсенішпен) ұрып құлатуға тырысады. Бірнеше сайыстан соң «ат» үстінде қалған ойыншы жеңімпаз болып саналады.

«*Қораздар теке-тіресі*». Ойынға қатысушылар жұптарға бөлініп, диаметрі 3-5 м болатын шеңбер ішіне тұрады. Шеңберден шығып кеткен, тепе-теңдік жоғалтып бір аяғын түсіріп жіберген бала жарыс жолынан шығады. Жеңімпаз алдыңғы ойындағы жүйемен анықтады. Ойын басталардан бұрын ойыншылардың қолдарын қалай ұстау керек екендігі түсіндіріледі: белде, артта, қайшылап көкірек алдында ұстау амалдары.

«*Қаршығалар мен қарлығаштар*». Бұл шапшаң реакция мен жылдам жүгіруді талап ететін ойын және оған ойыншылардың барлығы қатыса алады. Ойыншылар екі командаға бөлінеді. Олардың біреуі қарлығаштар, екіншілері қаршығалар. Екі команда бір-біріне арқаларымен тұрады және команданың аты аталғанша орындарынан қозғалуға болмайды. Командалардың бірінің аты аталған кезде, келесі команданың ойыншыларын қуа жөнеледі, ал екінші команда өз кезегінде жеткізбеуге тырысулары керек. Ұсталып қалған ойыншылар екінші команда құрамына өтеді және ойынды қайтадан бастауға болады. Ойын бірнеше рет өткізілген соң, жеңімпаз команданы анықтауға болады.

«*Балапандар*». Бұл саны 15 ойыншыдан асатын топпен өткізілетін көңілді ойын. Ойыншылар үш топқа бөлініп, санақ арқылы үш кезкүйрық және үш тауық анықталады, ал қалғаны балапан болады. Тауықтар бастаған балапандардың үш тобы бір-бірінің қолдарынан ұстап тізбек құрайды. Тауықтар түрлі траекториямен қозғалып жүреді, ал кезкүйрықтар балапандардың тізбектен ажырап қалуын күтіп жүреді және ажырап қалған ойыншының иығына қолын тигізуі керек. Ажырап қалған тізбек қайтадан қосылуға ұмтылуы керек, болмаған жағдайда кезкүйрықтардың қолы тигендердің барлығы ұсталған болып саналады.

«*Соқыр теке*». Ойыншылар шеңберге орналасады, ал шеңбердің ортасында көзіне байлам тағылған ойыншы (соқыр теке). Шеңберде тұрған ойыншылар жан-жақтан соқыр текеге қолдарын тигізеді және өздері ұсталып қалмауға тырысады.

Шеңбердегі ойыншылардың бірі ұсталып қалса, соқыр теке ол ойыншының атын дұрыс атаса, онда сол ойыншы ортаға шығады. Ойын кезінде шеңберден шығуға болмайды.

«Сақина салу». Ойынға 25-30 ойыншы қатыса алады. Ойыншылар бір қатарға немесе шеңберде алақандарын қосып, алдыларында ұстап отырады. Жүргізуші барлық ойыншының жанынан өтіп, әрқайсысына тас салғандай ишара жасайды. Ойыншылардың бірінің қолына тасты (сақина) салған соң, сәл артқа шегінеді де «Шық сақина, шық!» деп дауыстайды. Қолында сақина салынған ойыншы өз орнынан жылдам тұруы керек, ал көршісінің міндеті – оған орнынан тұруға мүмкіндік бермеу. Егер ол ойыншы ұсталмаса, оның көршісі жазаланады, ал ұсталып қалса, онда оның өзі жазаланады. Жазалау түрі әртүрлі болуы мүмкін: бір аяқпен секіру, отырып-тұру және түрлі жаттығулар жасату. Жазасын өткерген ойыншы жүргізуші болып тағайындалады. Сақинаны байқатпай салу керек және қолына сақина түскен ойыншы да, сақина өзінде екенін білдірмеуі керек.

«Орамал». Ойынға екі команда қатысады. Мұғалімнің бұйрығы бойынша ойыншылар жан-жаққа жүгіреді және өздеріне түйілген орамал берілген команда оны бір-біріне лақтырып бере бастайды. Ал екінші команда ойыншылары қолында орамал бар ойыншыны ұстап алулары керек. Орамалы бар команданың ойыншысы ұсталған жағдайда, орамал қарсы командаға өтеді.

«Жылжымалы аркан». Жүргізуші шеңберде тұрады және оның қолында бір ұшына ауырлау жүк байланған ұзын жіп. Қалған ойыншылар сызылған шеңберде тұрады. Жүргізуші ортада тұрып жіпті айналдырады, ал қалғандары сол жіптен секірулері керек және аяғына жіп тиген ойыншы жүргізуші болады.

*Суда өткізілетін ойындар*

«Шығып қалу эстафетасы». Эстафета бассейнде өткізіледі және кез келген тәсілмен жүзуге болады. Мұғалімнің бұйрығы бойынша бассейннің қарсы бетіне жүзулері керек. Ең соңғы болып жеткен ойыншы жарыс жолынан шығып қалады. Әр сайыстан кейін аздаған үзіліс жарияланады.

«Құрама эстафета». Жарысқа екі команда қатысады. Жарысқа қатысушылар түрлі жүзу тәсілдерімен жүзеді және мәреге бірінші жеткен команда жеңімпаз атанады.

«Барлығымыз бірге». Оқушылар бассейн жақтауына бір-бірінен 1 қашықтыққа, бір қатарға тұрады және мұғалімнің бұйырығымен суға секіріп түседі.

«Доп үшін күрес». Ойыншылар екі командаға бөлінеді. Бір команда балалары допты бір-біріне лақтыруды бастайды, ал екінші команданың балалары оны тартып алуға тырысады. Доп ұсталған соң ойын қайтадан басталады және командалар орындарымен ауысады.

«Доппен өткізілетін қуыспақ». Ойыншылар бассейнге еркін орналасады және олардың бірінің қолына жеңіл доп беріледі. Оның міндеті – допты ойыншылардың біріне тигізу. Доп тиген ойыншы жүргізуші болып саналады.

«Қазынаны ізде». Мұғалім су түбіне түрлі заттарды тастайды. Оның бұйрығы бойынша ойыншылар сүңгіп, сол заттарды алып шығулары керек. Көп қазына алып шыққан ойыншы жеңімпаз атанады.

*«Доп капитанға».* Ойынға екі команда қатысады. Бір команда бассейннің бір бөлігіне, екіншілері – қарсы орналасады. Әр команданың капитандары өз командасына қарсы тұрады. Ойыншылар допты өзін алып, бірі-біріне лақтыра отырып, капитанға жеткізулері керек. Өз капитанына көп рет доп берген команда жеңімпаз атанады.

*«Тартыспақ».* Бір-бірімен аяқтарын матастырған екі ойыншы бар күштерін салып екі жаққа жүзеді және өз қарсыласын тартып кеткен ойыншы жеңімпаз атанады.

*«Ұшқыр дельфин».* Ойыншылар суда тұрып, қолдарын жоғары көтеріп биік-алға секіреді және қайтадан суға кіреді. Олар ұзағырақ сырғуға тырысулары керек. Алысқа сырғыған ойыншы жеңімпаз атанады.

*«Жарақат алған баланы тасымалдау».* Ойыншылар жүзгіштер мен жарақат алғандар болып бөлінеді. Мұғалімнің бұйрығы бойынша белгілі бір қашықтыққа қимылсыз жатқан ойыншыны тасымалдау керек. Жүзгіштерге кез келген тәсілмен жүзуге болады (дұрысы бір бүйірмен). Өз командалас ойыншысын қолынан шығарып алмай, бірінші жүзіп келген ойыншы жеңімпаз атанады.

*«Сүңгуірлер».* Мұғалім айтқан қашықтықты (5 немесе 10 м) су астымен жүзіп өту.

*«Су добы».* Ойынға екі команда қатысады. Әр команданың өз қақпасы болады. Төреші допты бассейн ортасына лақтырады. Ойыншылар ортаға жүзіп допқа ие болуға және қарсылас қақпасына соғуға ұмтылады. Қарсылас қақпасына көп доп соққан команда жеңіске жетеді. Бір-бірін суға батыруға және допты өзінде ұзақ уақыт ұстауға болмайды. Ойын ережесі бұзылған жағдайда, доп қарсы командаға беріледі.


*«Судағы волейбол».* Ойыншылар шеңбер құрып орналасады және допты соғып, бір-біріне береді. Реті келсе допты суға түсірмеуге тырысу керек.

*Флорбол.* Флорбол (ағылшын тілінен аударғанда floor – еден және ball – доп), немесе залдағы хоккей – жабық спорт ғимараттарында, допты арнайы имек таяқпен қарсыластың қақпасына соғу арқылы ойналатын командалық спорт түрі [22].

Ойынға екі команда қатысады. Ойынның мақсаты – ойын ережесін бұзбай қарсыластың қақпасына мүмкіндігінше көп гол соғу. Ойын әдетте қатты да, тегіс едені бар залда өткізіледі. Алаңдағы ойыншылар допты тек имек таяқпен ойнаулары керек. Допты аяқпен тоқтатуға болады, бірақ аяқпен қақпаға соққы жасауға болмайды.

Ойын, көлемі 40×20 болатын және жақтаулармен қоршалған алаңда өткізіледі. Алаңның бұрыштары доғаланған. Халықаралық флорбол федерациясының ережесіне сәйкес, көлемі сәл үлкен немесе кішірек алаңда да ойнауға болады. Алаңның көлемі кем дегенде 36×18, көп дегенде 44×22 метрден аспауы керек. Флорболдың 3 ойыншы және қақпашымен шағын алаңда ойналатын (24×14 метр) нұсқасы да бар (7-сурет).

*7-сурет. Флорболға арнап сызылған алаң суреті*



Алаң сызығының жалпақтығы 4-5 см және ол келесі үлгіде болады: алаңды ортасынан тең бөлетін ортаңғы сызық; беткі сызықтан 2,85 м қашықтықтан сызылатын, көлемі 4×5 метр болатын (сызықты қоса есептегенде) тік бұрышты айып алаңы; артқы айып алаңынан 0,65 метр қашықтықтан сызылатын, көлемі 1×2,5 метр болатын (сызықты қоса есептегенде) тік бұрышты қақпашы алаңы; ортаңғы сызық және алаңның ұзын қапталдарынан 1,5 метр қашықтықтан, қақпа деңгейінен ойша есептегенде жалғасы болып саналатын сызық бойында белгіленетін лақтыру нүктесі. Олар крест үлгісінде сызылады және диаметрі 30 см аспауы тиіс. Қақпаның көлемі 1,60×1,15 метр болады.

*Матч.* Ойын ұзақтығы 20 минут болатын 3 кезеңнен тұрады және әр кезең аралығында 10 минуттық үзіліс беріледі. Әр команданың отыз секундтық тайм-аутқа арналған үзіліс алу құқығы бар. Ойын тең аяқталып, жеңімпаз команданы анықтау керек болған жағдайда қосымша 10 минут тағайындалады. Ол кезде де жеңімпаз анықталмаса, онда айып соққылары белгіленеді (хоккейдегідей булиттер сериясы).

*Командалар.* Әр командада 20-дейін ойыншылар болады. Жарыс кезінде әр команда алты ойыншыдан шығарады және ойыншылар ауысымында шектеу жоқ (хоккей ойынындағы тәрізді). Команда капитанының қолында арнайы байламы болады: тек команда капитаны ғана төрешілер алқасымен сұхбаттаса алады. Ойында екі төреші қызмет етеді, ал есепті және ойын нәтижесін тіркеуге хатшылық жауапты.

*Ойынның жалпы ережесі.* Допқа талас ойын ортасынан басталды. Ойын ережесі бұзылған жағдайда немесе талас добын ойнатқан кезде, доп ойын ережесі бұзылған жерден қосылады. Егер доп алаңнан тыс шығып кетсе, жақтаудан 1,5 метр жерден соққы арқылы ойынға қосылады. Ойыншыларды алаңнан қуу дербес және командалық болып бөлінеді: дербес қуу екі немесе бес минутқа, командалық айып белгіленсе, 10 минут немесе ойын соңына дейін қуылады. Айып уақытының белгіленуі ойын ережесінің бұзылу сипатына байланысты.

*Киім үлгісі және спорттық жарақтар.* Флорболға арналған доп пластмассадан жасалған, ортасы қуыс және бір түсті болады. Имек таяқтар пластиктен жасалған, ұзындығы 105 см болады (8-сурет).

8-сурет. Флорболға арналған доп, имек таяқтар, қақпа.



Қақпашы қақпа маңындағы алаңқайда имек таяқсыз және денесінің кез келген бөлігімен ойнай алады. Қақпашы лақтырған доп алаң ортасындағы сызықтан асқанға дейін еденге, ойыншылардың біріне немесе жақтауға тиюі керек.

#### *Негізгі ережелер*

1. *Үш метр ережесі:* стандартты жағдайда және допты ойынға қосқан кезде, қорғанушы команданың ойыншылары төрешінің рұқсатынсыз доп тұрған жерден үш метр қашықтыққа орналасулары керек.

2. *Үш секунд ережесі:* допты ойынға қосуға рұқсат алған соң, сол команданың ойыншылары (қақпашы да) допты үш секунд ішінде ойынға қосулары керек.

3. *Допты қосу:* Ойын ережесі бұзылған соң, доп сол жерден ойынға қосылады, ал ойын ережесі қақпа сызығынан тыс жерде бұзылған болса, онда алаң бұрышынан ойынға қосылады.

4. Егер ойыншысы қуылған команданың қақпасына доп соғылған болса, онда алаңнан қуылған ойыншы ойынға қайта оралады.

5. *Еркін соққы* мынадай жағдайда белгіленеді:

- имек таяқтың қандай да бір бөлігімен немесе тізеден жоғары ойнаса;
- қарсыластың имек таяғынан соқса, оны ұстаса немесе көтеріп алса;
- тізеден жоғары көтерілген допты аяғымен соқса;
- алаңда секіріп, ойын әрекетіне кедергі жасаса;
- стандартты жағдайда допты ойынға қосуды қасақана созса.

6. Мына жағдайларда ойыншы ойыннан екі минутқа қуылады:

- аздаған ойын ережесін бұзу әрекеті қайталанса;
- имек таяқсыз ойнаса;
- қарсыласын ұстап құлатса, өрескел ойнаса;
- қақпашыны шабуылдаса немесе ұстап алса;
- еденде жатып, тізерлеп тұрып берілген пасты қақшып кетсе немесе ойнаса;
- допты баспен, қолмен тоқтатса;
- үш метрлік ойын ережесін бұзса;
- ойыншылар құрамын бұзса (артық адам);

- ойынды қасақана созу.

7. Ойыншылардың алаңнан *бес минутқа қуылуы* келесі жағдайларды қолданылады:

- ойыншыны тоқтату мақсатында еденге қасақана құлағаны үшін;

- ойынды тоқтатқаны немесе ойыншылар ауысымы кезінде имек таяқты лақтырғаны үшін.

*Спорттық ойындарды өткізу ережелері* [23].

*Футбол*

*Негізгі ережелер.* Қақпашыны есептегенде, командадағы ойыншылар құрамы 4-тен 11-ге дейін (алаңның көлеміне қарай). Алаң тегіс, бөгде заттардан тазалануы тиіс (тастар, шыны, т.б.). Алаң сызықтар жақсы көрінетіндей етіп сызылады. Команда ойыншылары нөмірлері көрсетілген бірыңғай форма киюі қажет. Ойынға бірдей аяқкиім киген командалар жіберіледі (бутсы, кеды). Қақпашыда міндетті түрде тізеқап пен бес саусақты қолғап болуы керек. Ойын барысында төрешінің рұқсатымен 3 ойыншыға дейін ауыстыруға болады. Тек қақпашы ғана қолмен ойнауға болады, онда да өз айып алаңында ғана. Ойын алаң орталығында бірінші тебуге ие болған (жеребе бойынша) команда бастайды, ойыншы допты қарсылас команданың бағытына жөнелтеді. Қарсылас команданың ойыншылары орталық шеңбер сыртында орналасады. Допты бірінші соққан ойыншы басқа ойыншының аяғына тимейінше, допты тебуге болмайды. Сондай-ақ, бірінші соққымен қарсыластың қақпасына бағыттауға болмайды.

Егер ережеде қарастырылмаған себептерге байланысты ойын тоқтатылса, онда даулы доп тағайындалады (допты екі ойыншының арасына жерге тастайды).

«*Ойыннан тыс*» ережесі. Допты тепкен кезде, өз командасындағы басқа ойыншы қарсыластың қақпасы алдында тұрған жағдайда және оның алдында қақпашыдан басқа қорғанатын команданың ойыншылары болмаған жағдайда осы ереже қолданылады. Дегенмен егер ойыншы алаңның өз жартысында болса, қорғанатын команданың ойыншысы допты тепсе, бұрыштан соғу кезінде немесе бүйір қапталдан допты лақтыру кезінде «ойыннан тыс» ережесі тағайындалмайды. Футболда ережелер шегінде ойыншыларды итеруге және тосқауыл қоюға (иығымен, денесімен) рұқсат етіледі.

Ойыншы ережені қасақана бұзған жағдайда *айып алаңынан соғуды* белгілейді. Осы ережені бұзған жағдайда айып алаңында он бір метрлік соққы – *пенальти* белгіленеді. Пенальтиді орындау барысында қақпашы мен допты соғатын ойыншыдан басқа ойыншылардың барлығы айып алаңы мен доғаның сыртында тұруы керек. Соққы жасалмай тұрып, қақпашы аяғын сызықтан қозғалтуға болмайды. Соғатын ойыншы допты алға бағыттауы тиіс. Сондай-ақ, допқа келесі ойыншының бірі қолын тигізбейінше, оны қайта алуына болмайды. Пенальти ойын уақыты аяқталғанда да белгіленуі мүмкін (ол үшін уақыт қосылады).

Ереже қасақана бұзылған жағдайда *еркін соққы* тағайындалады. Қақпаға еркін соғылған доп есептелмейді (оған өзінің немесе қарсылас командадағы кез келген ойыншының аяғы тиюі керек).

Ойын ережелері жүйелі бұзыла беретін болса, ойыншыға ескерту жасалады, ал одан әрі бұзатын болса (қимыл-ишарамен, сөзбен), ойыншы алаңнан қуылады.

*Бүйір сызықтан* шығып кеткен допты алаң сыртына шыққан жерден лақтырады – доп лақтыратын адамның қолынан шықпайынша, аяқты жерден алмау қажет. Допты аяқтың астына тастауға болмайды. Қақпа сызығынан шабуылшыдан шығып кеткен допты қақпадан әрі соғып ойынға қосады. Қарсыластың қақпасына ұшып келген доп қақпадан соғылғаннан кейін есептелмейді.

Егер доп қақпа сызығынан қорғанатын команда ойыншысынан алаң сыртына шығып кетсе, онда *бұрыштан соғу* тағайындалады. Доп сыртқа шыққан қапталдан соғылады. Соғу алдында доп алаңның бұрыш секторында қозғалыссыз жатуы тиіс. Бұрыштан соғылған доп есептеледі.

Ойын барысында голды көп салған команда жеңіске жетеді. Соғылған доптардың саны бірдей болса, ойын тең аяқталады.


*Ережені бұзу* – ережені бұзған ойыншы командасының қақпасына қолды алға шығару. Ысқырық беріледі.

*Ереже бұзылған жоқ* – допқа ие ойыншының бағытына қарай қолды алға шығару. Алақанды ашып, жоғары бұру.

*Айып соққысы* – ережені бұзған ойыншы командасының қақпасына қарай қолды алға шығару. Ысқырық беріледі, содан соң айып соққысын жасау керек болатын бағытқа қолды меңзейді, доп соғу нүктені көрсетеді.

Айып соққысын орындау алдында – айып соққысын ысқырық белгісі бойынша соғу. Ысқырықты бас бармақ, сұқ саусақ және ортаңғы саусақпен ұстау, қолды жоғары ұстау.

9-сурет (Футбол ойынындағы төрешінің 6 қимыл-белгілері)



### ТӨРЕШІЛЕРДІҢ ҚИМЫЛ-БЕЛГІЛЕРІ

*Қолды жай шығарып орындалатын қимыл-белгілер (мәні – бағытты қолмен сілтеу).*

*Пенальти* – 11 метрлік белгілеу.

*Бұрыштан соғу* – бұрыш секторы.

*Қақпадан орындалған соққы* – қорғанатын команданың қақпасы, қолды горизонтальді қалыптан сәл көтеру, алақанды ашып, тігінен бұру.

*Гол есептелді* – алаңның орталық нүктесі.

*Гол есептелген жоқ* – гол салу алдында ереже бұзылған нүкте.

*Ойыннан тыс* – жағдайды бекіту кезінде ойыншы тұрған нүкте.

*Ауыстыру* – қосалқы төрешіге қарап тұрып, бас үстінен екі қолды бір-бірінен айналдыру қимылдары.

*Дәрігерлер бригадасын шақыру* – көмек көрсетуге зәру ойыншының командасы отырған орындыққа қарап, алақанды ашып, өзіне қарай бұлғау.

*Таймның/матчтың бітуі* – екі қолды алға шығару, алақанды ашып бір-біріне бұру. Ысқырықты екі рет беру.

#### *Волейбол*

*Волейболдан жарыс өткізудің негізгі ережелері.* Волейбол – екі команда арасында өткізілетін спорт ойыны. Әр команда құрамында 14-ке дейін ойыншылар болады, ал ойын кезінде алаңда 6 ойыншы болуы керек. Ойынның мақсаты – шабуылдау соққысымен допты еденге тигізу, яғни допты қарсы команда алаңына түсіру немесе оларды қателесуге мәжбүрлеу.

Волейбол ойыны ортасынан тормен бөлінген, көлемі 18×9 метр болатын тегіс алаңда өткізіледі. Тордың жалпақтығы 1 м, ал ұзындығы 9,5 м болады. Тордың биіктігі ұлдар үшін 2 м 30 см, қыздар үшін – 2 м 10 см болады. Доптың ауқымы 640-660 мм, ал салмағы 260-280 г болуы керек. Ойыншылар санына сәйкес, алаң шартты түрде 6 аумаққа бөлінген. Командаға допты қосу мүмкіндігі берілген кезде, ойыншылар келесі аумаққа сағат тілімен қозғала отырып орын ауыстырады. Алаңның беткі сызығында тұрып ойыншының допты ойынға қосуымен ойын басталады. Ол үшін ойыншы допты жоғары лақтырады да, бір қолымен соғып, алаңның қарсы жағына бағыттайды. Ойыншы допты лақтырып, оған қолы тиген жағдайда ғана ойынға дұрыс қосқан болып саналады. Қарсы беттен ойынға қосылған допты кез келген ойыншы қабылдай алады. Қабылдаушы командаға доппен үш рет әрекет етуге рұқсат беріледі және үшінші әдіспен допты қарсы алаңға бағыттаулары керек. Допты жақсы қабылдау үшін алаңның кез келген бөлігінде әрекет етуге болады, тек қарсылас алаңында ойнауға рұқсат жоқ. Егер допты қарсылас жақтан өз алаңына қайтару керек болса, онда екінші әрекетпен допты тор шетінде тұрған антеннаның сыртынан емес – екі аралағынан өткізулері қажет. Допты қабылдаған кезде, бір сәтке болсын үзіліс жасап қабылдауға болмайды, дегенмен допты дененің кез келген бөлігімен қабылдауға рұқсат беріледі. Бір ойыншы доппен екі рет қатарынан әрекет ете алмайды. Екі ойыншы бір мезетте допқа тисе, онда команда екі рет әрекет еткен болып саналады және үшінші қимылмен допты қарсы алаңға бағыттаулары керек. Екі ойыншы допқа бір мезгілде тиіп, доп тордан асса, онда келесі қателікті жасаған команда ұпай жоғалтады.

*Допты ойынға қосу.* Соңғы ауысым бойынша екінші аумақтан бірінші аумаққа орын ауыстырған ойыншы допты ойынға қосады. Ол үшін ойыншы беткі сызықтың сыртына, яғни допты ойынға қосу аумағына орналасады және қарсыластың допты қабылдауы қиын болатындай етіп соққы жасайды. Ұшу кезінде доп торға тиіп кетуі мүмкін және ол қате болып саналмайды. Егер допты ойынға қосушы ойыншы ойын ережесін бұзса немесе допты ойыннан тыс жіберсе, онда қарсы командаға ұпай беріледі. Ойынға қосылған допқа тосқауыл қоюға болмайды. Егер допты ойынға қосқан команда ұпай алған болса, онда допты ойынға қосуды сол ойыншы жалғастыра береді.

*Шабуыл.* Артқы шептегі ойыншылар допты сәтті қабылдаған жағдайда (бірінші әрекет), оны үйлестіруші ойыншыға жеткізеді (екінші әрекет), ол өз кезегінде шабуылшыға көтереді (үшінші әрекет). Шабуыл соққысы орындалған кезде доп тордың үстімен өту керек және тордың екі шетінде орналасқан антеналар аралығынан өтуі де міндетті. Ойын кезінде доп торға тисе ойын ережесі бұзылған болып саналмайды, бірақ антеннаға тимеуі керек. Алдыңғы шептегі ойыншылар алаңның кез келген аумағынан шабуылдай алады. Ал артқы шептің ойыншылары шабуылдау үшін алдыңғы және артқы шепті бөліп тұратын сызықтан аспай секіріп, соққы жасаулары керек. Ойын кезінде либероларға ғана шабуылдауға рұқсат берілмейді.

*Тосқауыл қою.* Бұл ойын тәсілін қорғанушы команда қолданады. Олар өз жағына допты өткізбеу үшін тордан биік секіріп, денесінің кез келген бөлігімен (әдетте қолдарымен) доптың жолын жабады және ол үшін ереже шеңберінде қолдарын тордан асыра өткізуге де рұқсат беріледі. Тосқауыл қою мақсатын қолды қарсы жаққа шығарған кезде, олар қарсыластың шабуылдауға дейінгі орындайтын қимыл-әрекеттеріне кедергі келтірмеулері керек.

Тосқауылды жекедара немесе топтасып (жұпасып, үшеулеп) қоюға болады және ол командаға берілген үш әрекетке саналмайды. Тосқауылды тек алдыңғы шептің ойыншылары, яғни 2, 3 және 4-аумақтың ойыншылары ғана қоя алады.











*Либеро.* Команда сапындағы 14 ойыншының екеуі либеро болуы мүмкін. Бұл амплуада ойнайтын ойыншылар шабуылдай алмайды, сондай-ақ, тосқауыл қоя алмайды және допты ойынға қоса алмайды. Либероның киімінің түсі, өз командаластарының киімінен өзгеше болуы керек. Ол ойын кезінде шексіз ауыса алады және ол үшін төрешіні ескертудің қажет жоқ. Себебі ол шабуылдай алмайды, тосқауыл қоя алмайды және көбінесе алаңның артқы бөлігінде әрекет етеді. Либеро көбінесе алаңның алдыңғы шебінде жақсы ойнайтын ойыншымен (мысалы, ортаңғы тосқауыл қоюшымен) орын ауыстырады, қарсыластың шабуылдаған доптарын қабылдайды, сақтандыру әрекеттерін іске асырады.

*Доп мынадай жағдайларда жеңіліс табады:* жерге тигенде; бір команда ойыншылары допты үш реттен артық ұрса; доп қолда немесе денеде бөгеліп қалса; допты ұрмай, лақтырса; аяқпен тепсе; бір ойыншы допқа қатарынан 3 рет қол тигізсе; ойыншы торға тиіп кетсе, ортаңғы сызықты басып кетсе және доп қарсы жақта болғанда қолын тордан асыра допқа тигізсе; доп алаң сыртына шығып кетсе немесе тордың астынан берілсе.


*Ойын регламенті.* Ойын партиясы уақытпен шектелмейді және бір команда 25 ұпай жинағанға дейін өткізіледі. Дегенмен, ол үшін қарсы командадан екі ұпайға басым болу керек және ойын сол басымдылыққа ие болғанға дейін жалғасады. Жеңіске жету үшін команда үш партияны ұтулары керек. Әр команда екі партиядан жеңіске жеткен жағдайда, бесінші партия 15 ұпайға дейін, тай-брейк жүйесімен өткізіледі. Әр партия сайын команда бапкері 30 секундтық екі үзіліс (тайм-аут) ала алады. Шешуші партиядан бір команданың ұпай 8-ге жеткен кезде, командалар алаңдарымен ауысады. Бапкерге әр партиядан ойыншыларды 6 рет ауыстыруға рұқсат беріледі (Либеро қоспағанда).



#### ТӨРЕШІЛЕР ҚИМЫЛ-БЕЛГІЛЕРІ


*10-сурет (Волейбол ойынындағы төрешінің 1-25 қимыл-белгілері)*

		
<p>1. Допты беруге рұқсат ету – доптың бағытын көрсететін қолдың қозғалысы (бірінші төрешінің қимыл-белгісі)</p>	<p>2. Допты беретін команда – допты беретін команда бағытына қолды шығару (бірінші және екінші төрешінің қимыл-белгісі)</p>	<p>3. Алаңдағы команданың орын ауыстыруы – екі иықты көтеру: біреуін кеуденің алдына, екіншісін артқа; содан соң қолдың позициясын ауыстыру (бірінші төрешінің қимыл-белгісі)</p>
		
<p>4. Үзіліс (тайм-аут) – бір қолдың сасусақтарын екінші қолдың алақанына тіреу (Т әрпін түзіп). Содан соң бір қолмен үзіліс сұраған команда бағытына көрсету (бірінші және екінші төрешінің қимыл-белгісі)</p>	<p>5. Ауыстыру – білекті бір-бірінен айналдыру (бірінші және екінші төрешінің қимыл-белгісі)</p>	<p>6. Тәртіп бұзған жағдайда ескерту – ескертуге арналған сары карточканы көрсету (бірінші төрешінің қимыл-белгісі)</p>
		
<p>7. Ойыннан шығару – ойыннан шығаруға арналған қызыл карточканы көрсету (бірінші төрешінің қимыл-белгісі)</p>	<p>8. Ойыннан қуу – бір қолмен ойыннан қууға арналған екі карточканы бірдей көрсету (сары және қызыл) (бірінші төрешінің қимыл-белгісі)</p>	<p>9. Партия аяқталды (немесе матч) – білекті кеуденің алдына аяқастырып қою (бірінші және екінші төрешінің қимыл-белгілері)</p>
		
<p>10. Беру кезінде доп лақтырылған жоқ – қолды алға шығарып, алақанды үстіне қаратып қою (бірінші</p>	<p>11. Допты беруде 8 секундтан артық ұстау – арасын ашып, сегіз саусақты жоғары көтеру (бірінші</p>	<p>12. Тосқауыл – екі қолды бір-біріне вертикаль қойып, алақанын алға қаратып жоғары көтеру (бірінші</p>






тәрешінің қимыл-белгісі)	тәрешінің қимыл-белгісі)	және екінші тәрешінің қимыл-белгісі)
		
13. Орналастыру немесе бір-бірінің орнына ауысу кезіндегі қателер – сұқ саусақпен айналдыру қимылдарын жасау (бірінші және екінші тәрешінің қимыл-белгілері)	14. Доп «алаңда» - қолды тіктеп саусақтарымен жерге көрсету (бірінші және екінші тәрешінің қимыл-белгілері)	15. Доп алаң сыртында (аут) – алақанды денеге қарата, білекті тігінен көтеру (бірінші және екінші тәрешінің қимыл-белгілері)
		
16. Допты ұстау – алақанды жоғары қарата, білекті жай көтеру (бірінші тәрешінің қимыл-белгісі)	17. Екі рет тию – екі саусақты көтеру (бірінші тәрешінің қимыл-белгісі)	18. Төрт соққы – төрт саусақты көтеру (бірінші тәрешінің қимыл-белгісі)

			
19. Ойыншының қолы торға тию немесе беру кезінде доптың торға тиюі – сәйкес бағытта қолын торға тигізу (бірінші және екінші тәрешінің қимыл-белгілері)	20. Қарсылас жақтың торында ойнау – алақанды төмен қарата, қолды тордың астына қою (бірінші тәрешінің қимыл-белгісі)	21. Артқы сызықтағы ойыншының шабуылдап соғу кезінде жіберген қатесі немесе либеро, не болмаса қарсыластың берген добы бойынша шабуыл немесе алдыңғы сызықтан либероны орындау – алақанды ашып, қолды жоғары көтеріп, білекті төмен түсіру (бірінші және екінші тәрешінің қимыл-белгілері)	22. Ортаңғы сызықтан ауысу (тордың астынан қарсыластың алаңына шығып кету) немесе допты беретін ойыншының алаңды (бет сызығын) тиіп кетуі, не болмаса ойыншы доп беру кезінде алаңның сыртына шығып кетуі – ортаңғы немесе сәйкес сызықты көрсету (бірінші және екінші тәрешінің қимыл-белгілері)

		
23. Екі жақтан жіберілген қателер және қайта ойнау – қолдың бас бармағын жоғары тігінен қою (бірінші төрешінің қимыл-белгісі)	24. Допқа тию – бір қолдың алақанына екінші қолдың саусақтарын тігінен қою (бірінші және екінші төрешінің қимыл-белгілері)	25. Уақытты алғаны үшін ескерту – бір қолдың білегін екінші қолдың ашылған алақанымен жабу (ескерту) немесе білекте сары карточканы көрсету (бірінші төрешінің қимыл-белгісі)

*10-сурет. Волейболда сызықта тұрған төрешілердің жалаумен беретін ресми белгілері (Волейбол ойынындағы төрешінің 26-30 қимыл-белгілері)*

		
26. Доп алаңда – жалауды төмен көрсету	27. Доп алаң сыртында – жалауды тігінен жоғары көтеру	28. Допқа тию – жалауды көтеріп, оны бос қолдың алақанымен жабу
		
29. Доп ойын алаңының сыртында немесе доптың бөгде заттарға тиюі, не болмаса доп беру кезінде ойыншының сызықтан шығып кетуі – бас үстінде жалаумен бұлғау, бос қолмен антеннаға немесе сәйкес сызықты көрсету		30. Төрелік жүргізілмейді – екі қолды кеуденің алдына аяқастырып қою

### *Баскетбол*

*Жарыстарды өткізудің негізгі ережелері.* Ойынның басты мақсаты допты тартып алу және оны бәсекелестің себетіне лақтыру. Баскетбол алаңы ұзындығы 28 метр және көлденеңі 15 метр тікбұрышты болады. Қалқанның (шит) төменгі жағы еденнен 2,75 м көтеріліп тұрады, шығыршығы 3,05 м биіктікте орналасады. Қалқан алаңның ішіне қарай 1,2 м шығарылады, баскетбол добының салмағы 600-650 грамм болады. Баскетболды әр топта 5 негізгі ойыншыдан екі команда ойнайды. Команданың бірдей формасы болу керек. Ойын майкасының

(футболкасының) арқасы мен кеудесіне ойыншы нөмірі қойылады (4-ші нөмерден басталады) команда капитанының формасы ерекше белгіленуі тиіс.

Ойын барысында ойыншыларды шектеусіз ауыстыруға болады. Допқа ие команда ойын тоқтаған сайын ойыншыны ауыстыра алады, басқа команда тайм-аут алған немесе допқа ие команда ойыншыны ауыстырған жағдайда ойыншыны ауыстыра алады.

1. Ойын орталық шеңберде допты ойнаудан басталады. Бәсекелес ойыншылар допты қағып алуға құқығы жоқ, тек допты қолмен тартып алады немесе оны серіктесіне лақтырады.

2. Допты ұстап алған ойыншы екі қадамнан артық қадам жасауға құқығы жоқ (анығында еденге екі тигізуге). Допты алып жүру кезінде ұстап алып жүгіру, қолындағы добымен орнында тұрып секіру және жерге түсу *орын ауыстыру ережесін* бұзғаны болып есептеледі.

3. Ойыншылар бір қолымен ғана допты ұстап жүруге құқығы бар. Егерде доп ұстап жүргеннен кейін алынса, қайтадан допты ұстап жүруге рұқсат етілмейді (*екі рет алып жүру*).

4. Егер доп немесе ойыншы добымен белгіленген ойын алаңының сызығына тисе, ойыншы алаңның сыртында болса, онда төреші «*доп ойыннан тыс*» деп есептейді.

5. Лақтыруды шабуылшы топтың кез келген ойыншысының жасауына құқығы бар, сәтсіз лақтырудан кейін, ұшып кеткен допты кез келген топтың ойыншылары иелене алады.

6. Допты лақтыру үшін, топқа 24 секунд беріледі. Бұл ережені бұзған жағдайда (егер доп лақтырылмаса) доп келесі топқа беріледі.

7. Сегіз секунд ішінде допқа ие болған топ, қорғаныс аймағынана шабуыл аймағына көшуі қажет.

8. Егер ойын кезінде:

- бәсекеге түскен екі не болмаса одан да көп ойыншылар допты бір немесе екі қолмен мықтап ұстап тұрса, онда *талас доп* белгіленеді;

- доп ойын алаңының сыртына шығып кеткенде, төрешілер екі команда ойыншыларының допқа соңынан кімнің қолы тиді деген пікірлері бір жерден шықпауы;

- доп ойын алаңының сыртына шығып кеткенде, қарсылас команданың екі ойыншысы да допқа бір мезгілде қолы тиюі;

- доптың себет бағанында (тіреуішінде) тұрып қалуы;

- екіжақты фол;

- 2-, 3-, 4-кезеңдер басталғанда, онда лақтырудан талас жағдайы туындайды.

Бұл жағдайларда допты ойынға қосу кезектесе иелену тәсілімен (көрсеткіш тілімен) әрекетімен орнында, сол таласып қалған жеде лақтыру жолымен жасалады. Бірінші кезең басында допқа бақылау жасамаған команда кезектесе иелену процесін бастайды. Допты Ойынға қосуға құқығы бар команда, кезектесе иелену нәтижесінен кейін, қарсыластар себетіне қарай бағыттталып, көрсеткіш тілімен белгіленеді. Кезектесе иелену нәтижесі процесінде допты ойынға қосу аяқталғанда ғана, көрсеткіш тілі бағыттары тез өзгертіледі.

9. Егер допты лақтыру кезінде ойыншыны итерсе немесе қолынан қағып жіберсе, доп себетке түспесе, ол екі айыптық добын лақтыру құқығына ие болады.

10. Егер ойын бұзушылық үш ұпайлы сызық артында (6,25 м) болса, ережені бұзғаны үшін үш ұпайлы айыптық лақтыру белгіленеді.

11. Ойыншы бес рет арнайы ескерту алса, ойыннан автоматты түрде шығарылады.

12. Қалған ереже бұзушылық, фол ретінде қарастырылмайтындары, жай қателіктер болып саналады: допты қолда ұстап жүру; допты қос-қолдап ұстап жүргізу, қайталап жүргізу (екі рет алып жүру); допты алаң сыртына шығару; аяқпен ойнау.

Қателіктер немесе фол болғанда, айыптық лақтыру белгіленбеген жағдайда, ойын допты бүйір сызығынан лақтырудан жалғастырылады. Нәтижелі лақтырудан, ойыннан немесе айыптық лақтырудан кейін доп қарсылас топ ойыншыларымен алдыңғы сызық жағынана ойынға енгізіледі. Нәтижелі лақтыруға топқа екі ұпай, айыптық лақтыруға бір ұпай беріледі. Басқа 6,25 м радиустағы нәтижелі лақтыруға үш ұпай беріледі. Көп ұпай жинаған топ жеңеді.

Ойын әрбіреуі 10 минуттан, төрт кезең бойы жалғасады. Тек таза уақыт тіркеледі. Екі топ ойынды тең нәтижемен аяқтаған жағдайда, 5 минуттық қосымша кезең беріледі. Бірінші және екінші, үшінші және төртінші кезең үзілістері – 2 минуттан, екінші және үшінші кезеңдер арасындағы үзіліс – 15 минут. Ойын кезінде ойыншыларды шексіз ауыстыруға рұқсат етіледі. Шабуылдаушыға үш секундтық зонада, 3 секундтан көп болуға рұқсат етілмейді. Егер ойыншы допты ұстап алып бермесе, лақтырмаса, домалатпаса немесе оны 5 секунд ішінде жүргізбесе (*допты ұстап тұру*), доп бұл топтан алынады. Егер ойыншы допты 5 секунд ішінде әріптесіне бермесе, себетке лақтырмаса және допты алып жүрмесе, оны қарсыласына береді.

Ойын (матч) жарысында екі төреші төрелік етеді. Шешім шығару кезінде ойын тоқтатылады, бірақ қорытынды шешімді аға төреші қабылдайды. Үстел басында: таза ойын (матч) уақытына жауапты төреші-хронометрші, уақыт ережесін сақтауға жауап беретін төреші-секундомерші, алаңда нәтижелі лақтырған доптарды (салған минутын, неше ұпай берілетінін), сондай-ақ, жеке және техникалық қателерді, тайм-ауттар қолдануды тіркейтін төреші-хаттамашы отырады.

### ТӨРЕШІЛЕР ҚИМЫЛ-БЕЛГІЛЕРІ

11-сурет (Баскетбол ойынындағы төрешінің 58 белгілері)

#### I. ДОПТЫ ЕСЕПТЕУ (1-5 қимыл-белгі. I.)


				
1. Бір ұпай – бір	2. Екі ұпай – екі	3. Допты	4. Үш ұпайлық	5. Ұпайды

саусақты төмен түсіру	саусақты төмен түсіру	үшұпайлық жерден лақтыру – бір қолды шапшаң жоғары көтеріп, үш саусақты көрсету	жерден себетке доптың түсуі – екі қолды шапшаң жоғары көтеріп, үш саусақты көрсету	есептемеу, ойын әрекетін тоқтату – қолды жылдам ажырату
-----------------------	-----------------------	---	--	---

## II. УАҚЫТҚА БАЙЛАНЫСТЫ БЕЛГІЛЕР (6-9 қимыл-белгі. II.)

			
6. Уақытты тоқтату (ысқырықпен бірге) немесе сағатты қоспау – алақанды ашу	7. Фолға арналған уақытты тоқтату (ысқырықпен бірге) – қолды ережені бұзған адамға бағыттау	8. Ойын уақытын қосу – қолды сілтеу	9. қайта есептеу – сұқ саусақты айналдыру

## III. ӘКІМШІЛІК (10-13 қимыл-белгі. III.)

			
10. Ауыстыру – қолды кеуденің алдында айқастыру	11. Алаңға шақыру – алақанды ашып бұлғау	12. Үзіліс талап ету – бір қолдың алақаны мен екіншісінің саусақтарымен Т әрпін түзу	13. Алаңдағы және үстелде отырған төрешілердің арасындағы байланыс – бас бармақты жоғары көтеру

## IV. ЕРЕЖЕНІ БҰЗУ (14-24 қимыл-белгі. IV.)

			
14. Жүгіріп кету – білекті бір-бірінен айналдыру	15. Допты дұрыс алып жүрмеу немесе қос жүргізу –	16. Допты бөгеу – қолды алға-жанына шығарып, жартылай	17. 3 секундтік ережені бұзу – қолды алға

	алақанмен жоғары-төмен қимылдары	бұру	шығарып, үш саусақты көрсету
--	----------------------------------	------	------------------------------

			
18. 5 секундтік ережені бұзу – 5 саусақты көрсету	19. 8 секундтік ережені бұзу – 8 саусақты көрсету	20. 24 секундтік ережені бұзу – саусақтарды иыққа тигізу	21. Артқы аймаққа допты қайтару – саусақпен көрсету

		
22. Допты аяқпен қасақана ойнау – аяқты сұқ саусақпен көрсету	23. Доптың немесе шабуылдау әрекетінің алаң сыртына шығып кетуі – бүйір сызыққа саусақты параллель шығару	24. Даулы лақтырыс – екі қолды жоғары көтеріп, бас бармақты көрсету

**ХАТШЫЛАР ОТЫРАТЫН ҮСТЕЛГЕ ФОЛДЫ КӨРСЕТУ  
(ІІІ ПОЗИЦИЯ)**

**1-ПОЗИЦИЯ. ОЙЫНШЫНЫҢ НӨМІРІ (25-36 қимыл-белгі. V.1-позиция)**

					
25. №4	26. №5	27. №6	28. №7	29. №8	30. №9
					
31. №10	32. №11	33. №12	34. №13	35. №14	36. №15


2-ПОЗИЦИЯ. ФОЛДЫҢ ТҮРЛЕРІ (37-47 қимыл-белгі. V. 2-позиция)

			
37. Қолмен дұрыс ойнамау – саусаққа соғу	38. Тосқауыл қою (шабуылдау немесе қорғау кезінде) – екі қолды жамбастың жанына қою	39. Шынтақты кең қою – шынтақпен жанына қозғалту	40. Бөгелу – екінші қолдың білезігін қармап ұстау
			
41. Итеру немесе добы жоқ ойыншымен соқтығысу – итеруді көрсету	42. Добы бар ойыншымен соқтығысу – бір қолдың алақанын ашып, екіншісіне жұдырықпен соғу	43. Допты қадағалайтын командаға фол – ережені бұзған командаға жұдырық түйіп көрсету	44. Екіжақты фол – бастың үстіне жұдырықты айқастыру
			
